

Бала мен балабақша Ребёнок в детском саду

Республикалық педагогикалық журнал
Республиканский педагогический журнал
Издаётся с 2007 г.

Ай сайын шығады
Выходит 12 раз в год

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Наурыз-Март №3 (214) 2026

Бүгінгі мектепке дейінгі тәрбие және білім мәселелері

Проблемы современного дошкольного воспитания и образования

| | |
|---|---|
| Бултихова Г. Жасанды интеллектті (ЖИ) мектепке дейінгі ұйым жұмысында пайдаланудың тиімділігі..... | 2 |
| Мұлдашева М. «Педагог тәжірибесі – кәсіби дамудың негізгі баспалдағы» | 3 |
| Калмагамбетова К. Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс барысы | 4 |
| Құспанова А. Баланы ойын арқылы оқыту және тәрбиелеу..... | 5 |
| Балдақова Ж. «Біртұтас тәрбие – бала жетістігінің кепілі»..... | 6 |
| Хакимова А. Мектепке дейінгі ұйымдарда қоршаған ортаны | 8 |
| танып білуге серуенді ұйымдастыру..... | 8 |
| Алтаева Ж. Ата-аналардың бала тәрбиесінде сенімділік білдіруі мен қолдау көрсетуі | 9 |

Атырау облысы, Жылыой ауданы білім бөлімінің

МКҚК "Еркем-ай" бөбекжай-бақшасынан

Ясли-сад "Еркем-ай" Жылыойского района Атырауской области

| | |
|--|----|
| Дарибаева А. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру ортасының сапасын бағалау..... | 11 |
| Естаева Д. Білім беру жүйесіндегі педагог-психологтың кәсіби қызметінің ғылыми негіздері..... | 12 |
| Ержанова Ж. Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда жобалау технологиясын қолдану | 12 |
| Құрманбаева А. Тәрбиеленушілермен жұмыс жүргізуде менің ұстанымым | 13 |
| Айтбаева Л. Түстер әлемі..... | 14 |
| Уразимбетова Г. Дидактикалық ойын: «Ұлттық құндылықтар» | 14 |
| Жұбатырова А. «Елімнің айбыны – менің мақтанышым!»..... | 15 |
| Қазбаева Ф. «Көліктердің пайдасы» | 16 |
| Отарбаева А. «Елімнің ертені» – ұлттық ойындар эстафетасы | 18 |
| Уразалиева Р. «Пішіндер әлемі»..... | 20 |
| Дүбірова Ш. Әке – асқар тау..... | 21 |
| Хусаннова М. «Ғарыш әлемі»..... | 22 |
| Масақбаева А. Жануарлар әлемі..... | 24 |
| Нурбаева Г. «Ұй құстары» | 26 |
| Жалмақова Г. «Қош келдің, Жаңа жыл!»..... | 27 |
| Адилова Ж. «Құтты болсын, Жаңа жыл!»..... | 30 |
| Уразова Б.Ш. «Как мы оживили зимний лес» (технологическая карта организованной деятельности) | 31 |
| Нұрболтаева А.Н. «Проделки Бабы - Яги»: сценарий новогоднего праздника..... | 34 |

Тәрбиелей оқытайық

Воспитание и обучение

| | |
|---|----|
| Аяп Г. Экологиялық дағды – денсаулық негізі | 37 |
| Қадыралыева Б. «Ақылды құрылғылар – ақылды өмір» | 37 |
| Қалиева Ж. «Ұлттық құндылықтар- біздің байлығымыз» | 38 |
| Хамзина А. «Оюлы орамал» | 39 |
| Шинтемирова А. «1-ден 5 ке дейінгі сандар» | 41 |
| Айтимова А. «Пішіндер әлеміне саяхат» | 41 |
| Ескакова Ж. «Ғажайып пішіндер»..... | 42 |
| Бақатова А. «Көліктер»..... | 43 |
| Жұмағали А. «Пішіндер» | 44 |
| Мұхтарова Н. «Көңілді пішіндер» | 45 |
| Нысан С. Жиһаз | 46 |
| Ердина А. «Суреттер сөйлейді»..... | 46 |
| Ищанова Г. «Мамандықтар»..... | 48 |
| Қабатова Е. «Қыс мезгілі» | 49 |
| Сауменова А. «Ғажайып қыс мезгілі» | 49 |
| Гиззатова Н. «Қыс мезгілі туралы не білеміз?»..... | 50 |
| Елтаева Г. «Ұлттық үстел үсті ойындары»..... | 52 |
| Кальшешва К. «Табигат әуенге бөленеді» | 53 |
| Александрова И.С. «Капелька и Лампочка спасают мир» (занятие в подготовительной группе) | 55 |
| Джангабаева А.Н. «Green Market»: сюжетно-ролевая игра..... | 58 |

Меншік иесі: ЖШС «Тал-Сар плюс»

Бас редактор: Бөлекбаева Ж.С.

Редакция алқасы

| | |
|------------------|---|
| Еденбаева З.Д. | Алматы қалалық мектепке дейінгі мекеменің әдіскері |
| Заурбекова С.О. | КМҚК №132 бөбекжай-бақшасының меңгерушісі |
| Искакова Р.А. | Алматы №9 мектепке дейінгі мекеменің қазақ тілі пәні мұғалімі |
| Сарсембаева А.О. | Алматы №60 мектепке дейінгі мекеменің меңгерушісі |
| Құлтаева Л.А. | АОКБА ҚДИ мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білімді дамыту әдіскері |
| Мошекенова А.Р. | Алматы №190 бөбекжай-бақшасының меңгерушісі |

Корректор редактор

Укенова Л.Н.

Техникалық редактор

Галиева Р.Т.

Редакция мекен-жайы: Бөгенбай батыр көшесі, 86, 411 б.
050010, Алматы қ.,
а/ж 46

Телефоны: 8 (727) 241-76-44

8 775 856 21 20

e-mail: rus-lit@mail.ru

«Бала мен балабақша – Ребёнок в детском саду» журналы редакциясына келіп түскен қолжазбалар әдеби өңделеді. Редакция жолданған материалдар сапасына жауап бермейді, қолжазба авторларға қайтарылмайды. Материалдар көшіріліп басылған не пайдаланылған жағдайда осы журналға сілтеме жасалады.

Теруге 05.03.2026 жіберілді.
Басуға 17.03.2026 жылы қол қойылды.
Көлемі 84 x 108/16. Офсетті басылым.
Таралымы 6000.

Отпечатано в типографии

ИП "Polyservice"

г. Алматы, ул. Гоголя 86.

8 (727) 250 34 16

Журнал Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 11.06.2012 жылы тіркеліп, № 12824-Ж куәлігі берілді.



Жасанды интеллектті (ЖИ) мектепке дейінгі ұйым жұмысында пайдаланудың тиімділігі

Бултихова Гаухар, «Нұрбалапан» бөбекжайының әдіскер-инноваторы
Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Казталов ауылы



Қазіргі цифрлық дәуірде жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласына қарқынды енгізілуде. Мектепке дейінгі ұйымдарда ЖИ технологияларын тиімді қолдану – оқу-тәрбие процесін жетілдірудің, педагог еңбегін жеңілдетудің және басқару сапасын арттырудың маңызды тетігі болып отыр.

Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын да жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қырсырын білетін мамандарға деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Мемлекет басшысы **Қасым-Жомарт Тоқаевтың** «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсеткендей жұмыс үдерістерінің едәуір бөлігі цифрлық технологияларды енгізу арқылы автоматтандырылатыны анық. Сол себепті 100 мыңға жуық студентті технологиялық жобаларға тартуды көздейтін AI-Sana бағдарламасы жүзеге асырыла бастағанын баяндады. Алайда жасанды интеллектімен жұмыс істеу күзиретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектепке дейінгі ұйым қабырғасынан қолға алынатыны атап көрсетті.

Жасанды интеллект дегеніміз не?

Жасанды интеллект – деректерді талдап, үйреніп, шешім қабылдай алатын цифрлық жүйе. Білім беру саласында жасанды интеллект ақпаратты өңдеуге, жоспар құруға, талдау жасауға, жеке білім беру траекториясын анықтауға көмектеседі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы жасанды интеллектті қолдану бағыттары:

Жасанды интеллект әдіскерге жылдық, айлық жоспарлар құруда, іс-шара сценарийлерін дайындауда, мониторинг нәтижелерін талдауда, есеп жазу сияқты әдістемелік жұмысты жетілдіруде көмек көрсетеді.

Бұл уақытты үнемдеп, шығармашылық жұмысқа көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Педагогтердің кәсіби дамуында сабақ жоспарларын жетілдіруге, инновациялық әдістер ұсынуға, цифрлық ресурстарды таңдауға болады.

Сонымен қатар онлайн платформалар арқылы біліктілікті арттыру материалдарын автоматты түрде іріктеуге мүмкіндік бар.

3. Баланың жеке дамуын бақылауда жасанды интеллект технологиялары баланың даму динамикасын тіркеуге, жеке ерекшеліктерін талдауға, жеке дамыту бағытын анықтауға көмектеседі. Бұл инклюзивті білім беруде де тиімді құрал бола алады.

4. Ата-анамен жұмысты ұйымдастыруда ақпараттық хабарламаларды дайындауға, жадынамалар жасауға, ата-аналар сауалнамасын талдауға, кері байланысты жүйелеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде ата-анамен серіктестік сапасы артады.

5. Басқару процесін автоматтандыруда құжат айналымын жеңілдету, статистикалық есептерді жылдам дайындау, ішкі мониторинг жүргізу секілді жұмыстарда ұйым жұмысының тиімділігін арттырады.

Уақытты үнемдеу, жұмыс сапасын арттыру, деректерге негізделген шешім қабылдау, педагог жүктемесін азайту, инновациялық мәдениетті қалыптастыру мәселелері жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары болып есептелгенмен, ерекше назар аударатын мәселелер де бар. Олар жасанды интеллектті қолдану кезінде дербес деректердің құпиялылығы сақталуы, ақпараттың дұрыстығы тексерілуі, педагогтің кәсіби бақылауы қамтамасыз етілуі қажет деп есептеймін. Жасанды интеллект – көмекші құрал, бірақ адам факторын алмастырмайды.

Сөзімді қорытындылай келе, жасанды интеллектті мектепке дейінгі ұйым жұмысында тиімді пайдалану – білім беру сапасын арттырудың заманауи жолы. Ол әдіскер мен педагогтің жұмысын жүйелеп, шығармашылық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, жасанды интеллектті тек құрал екенін ұмытпай, оны педагогикалық мақсатқа сай, саналы түрде қолдану қажет.





«Педагог тәжірибесі – кәсіби дамудың негізгі баспалдағы»



Мақсаты: Педагогтің кәсіби дамуын жетілдіруде тәжірибе алмасудың, үздік педагогикалық практикаларды қолданудың маңызын ашу, мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыстың тиімділігін көрсету.

Міндеттері: Педагогтің кәсіби дамуы мен тәжірибе жинақтаудың рөлін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу. Балабақшада қолданылып жүрген инновациялық әдістер мен тәжірибелермен бөлісу. Тәрбиешілердің шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыс түрлерін ұсыну. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы білім беру сапасын жақсарту жолдарын көрсету.

Қажетті көрнекіліктері: Презентация, педагогтерге арналған көрнекілік суреттер.

Педагог тәжірибесі не береді?

1. Жиналған әдістемелік қор
2. Іс-әрекет барысында қалыптасқан дағдылар
3. Тиімді әдістерді қолдану
4. Жаңашыл технологияларды енгізу
5. Ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесі үздіксіз жаңарып, педагог тұлғасына қойылатын талаптар да артып келеді. Бүгінгі тәрбиеші мен мұғалім тек білім беруші ғана емес, баланың тұлғалық дамуына бағыт беретін, шығармашылық қабілетін ашатын, заманауи технологияларды меңгерген кәсіби маман болуы тиіс. Осындай биік талаптарға сай болудың басты шарты – педагогтың үздіксіз кәсіби дамуы. Ал кәсіби дамудың негізгі баспалдағы – педагогикалық тәжірибе.

Педагог тәжірибесі – бұл жылдар бойы жинақталған білім, дағды, шеберлік пен ізденістің нәтижесі. Ол күнделікті оқу-тәрбие үдерісінде қалыптасып, педагогтың өз ісіне деген жауапкершілігі мен сүйіспеншілігі арқылы жетіледі. Тәжірибе арқылы тәрбиеші әр баланың ерекшелігін танып, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап, оқу іс-әрекетін нәтижелі ұйымдастыра алады.

Кәсіби тәжірибе педагогқа бірнеше бағытта дамуға мүмкіндік береді. Біріншіден, ол теориялық білімін практикамен ұштастырады. Екіншіден, түрлі педагогикалық жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. Үшіншіден, өз ісіне сыни көзқараспен қарап, кемшіліктерін түзетуге, жетістіктерін арттыруға талпынады. Осы арқылы педагогтың кәсіби құзыреттілігі қалыптасады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда педагог тәжірибесінің маңызы ерекше. Себебі, бұл кезең – баланың тұлғалық негізі қаланатын, мінез-құлқы мен дүниетанымы қалыптасатын уақыт. Тәрбиеші баламен жұмыс барысында ойын

Мулдашева Мөлдiр, «Нұрбалапан» бөбекжайының әдіскері
Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Казталов ауылы

технологияларын, шығармашылық тапсырмаларды, зерттеу әрекеттерін, ұлттық тәрбиені тиімді пайдалану арқылы оның жан-жақты дамуына жағдай жасайды. Мұндай нәтижеге жету тек тәжірибелі педагогтың қолынан келеді.

Тәжірибені дамытуда әріптестермен өзара тәжірибе алмасудың орны бөлек. Әдістемелік бірлестіктер, семинарлар, шеберлік сыныптары, ашық оқу қызметтері – педагогтың кәсіби өсуіне ықпал ететін тиімді алаңдар. Мұндай шаралар арқылы тәрбиешілер жаңа әдістермен танысып, өз тәжірибесін ортаға салып, пікір алмасады. Бұл кәсіби қауымдастықтың қалыптасуына және білім сапасының артуына әсер етеді.

Сонымен қатар педагогтың өзін-өзі дамытуы да тәжірибенің маңызды бөлігі болып табылады. Кәсіби әдебиеттер оқу, біліктілікті арттыру курстарына қатысу, заманауи білім беру технологияларын меңгеру – педагогтың кәсіби деңгейін көтеретін негізгі құралдар. Өздігінен ізденетін, жанашылдыққа ұмтылатын педагог қашанда табысқа жетеді.

Педагог тәжірибесі – тек жеке жетістік емес, ол – білім беру ұйымының да дамуына ықпал ететін фактор. Тәжірибелі педагог ұжымда көшбасшы болып, жас мамандарға бағыт-бағдар береді, кәсіби қолдау көрсетеді. Бұл ұжымдағы ынтымақтастықты нығайтып, ортақ мақсатқа жетуге көмектеседі.

Тәжірибенің кәсіби дамуын қалай арттырамыз?

1. Практика арқылы білім тереңдейді;
2. Жаңалық енгізу арқылы педагог өзін-өзі дамытады;
3. Ойын іс-әрекет, жоба нәтижесі кәсіби деңгейдің көрсеткіші болады;
4. Тәжірибе бөлісу – келесі педагогқа мотивация береді.

Біздің жұмыс тәжірибемізде ? Ойын технологиясын, зерттеу әдісін, STEAM технологиясы, дамытушы ойындар, сенсорлық дамыту әдістері, ұлттық тәрбие элементтері, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), жобалау әдісін) қолданамыз.

Қол жеткізілген нәтижелеріміз:

баланың шығармашылық белсенділігі артты.
сөйлеу/ойлау/құрастыру дағдылары дамиды.
ата-анамен байланыс нығайды.
топта ынтымақтастық қалыптасты.

Инновациялық технологияларды қолданады.

Қорытындылай келе, педагог тәжірибесі – кәсіби дамудың негізгі баспалдағы ғана емес, білім беру сапасының кепілі. Тәжірибелі, ізденімпаз, шығармашыл педагог қана заман талабына сай ұрпақ тәрбиелей алады. Сондықтан әрбір педагог өз тәжірибесін байытып, кәсіби тұрғыдан дамуға ұмтылуы тиіс. Себебі, білімді ұрпақ – білікті ұстаздың еңбегінің нәтижесі.





Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс барысы

Калмагамбетова Камила, «Айжанай» жекеменшік балабақшасының тәрбиешісі
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы



Мектепке дейінгі жас – адам өміріндегі жауапкершілікті кезеңдердің бірі, яғни осы жас шамалық кезеңде баланың денсаулығының негізі, ақыл-ойы, психо-физикалық дамуы қаланып, оның жеке тұлғасы қалыптасады. Әр баланың өзіне ғана тән танымдық іс-әрекет ерекшеліктерінің болатындығын айтып өткен жөн, әрқайсысы жекелей тәсілді қажет етеді, бірақ мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог қызметкерлер әр түрлі себептермен үнемі оны жүзеге асыра алмайды. Қазіргі заман тәрбиешісіне

баланың жеке бас ерекшеліктерін білу үшін психология төңірегінде терең білімге ие болуы қажет. Мен өзімнің іс тәжірибе барысында, мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін бірнеше психологиялық терапияларды жүзеге асырдым. Оның ішінде сезімдерді орындайтын мүшелер: көз, құлақ, мұрын, тіл, тері және ішкі құлақтың бір бөлігі — лабиринт арқылы балалардың ішкі ахуалын ояттым. Көру: бір сәтке көзіңді жұмып, қап-қараңғы жерде, айналандағы жарықты көре алмай қалғаныңды көз алдыңа елестетіп көрші. Мұндай жағдай адамға өте жаман әсер етеді, сондықтан көзінді тез ашқаның дұрыс. Бір сөзбен айтқанда, жарық дүниені күн сайын көзбен көру — адамның бойындағы баға жетпес ғажайып бір сезім деп саналады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру бағыты бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда тәрбиешінің ролі ерекше, баланың ішкі жан дүниесін түсініп, оның сезімдерін тануға, қабылдауға және дұрыс жеткізе білуге үйретеміз. Әр баланың сөйлеу, ойлау, танымдық қабілеттерін дамытуға ең алдымен түсінік қалыптастыру

бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп бала бойындағы әлеуетті ашуға ықпал еттім.

Тәрбиеші ретінде менің басты мақсатым: Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту, бес сезім мүшесі (көру, есту, иіс сезу, сипап сезу, дәм сезу) арқылы айналаны тануға үйрету. Танымдық қабілеттерін, есте сақтау, зейінін тұрақтандыру, қызығушылығын арттырып, әрбір сезім мүшесінің қабілетін дамыту, сөйлеу дағдысын арттыра отырып, сөздік қорды молайту. Баланың сөйлеу тілімен қатар оның эмоционалдық танымын жетілдіру, ең алдымен түсінік қалыптастырып, әрбір сезім мүшелерін ояту арқылы миға сигнал жиберіп, сезіндіру, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын дұрыс қалыптастыру. Баланың танымдық, эмоциялық және психомоторлық дамуы сипап сезу арқылы белсенді түрде қалыптасады. Әсіресе ерте жастағы балалар үшін тактильді сезімдер – қоршаған ортаны танудың алғашқы қадамдарының бірі. Сипап сезу арқылы бала заттардың пішінін, құрылымын, температурасын және көлемін ажыратады. Бұл тәжірибе оның ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді. Ата-аналар мен мамандардың бірлесе әрекет етуі баланың толыққанды дамуына жағдай жасап, оның қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтуге үлкен үлес қосады. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың танымдық, сенсорлық және сөйлеу қабілеттерін жан-жақты дамыту психолог маманның маңызды міндеттерінің бірі болып отыр. Бұл ретте сезім мүшелерінің, соның ішінде сипап сезу (тактильдік) мүшесінің ролін елемеге болмайды. Сипап сезу – баланың сыртқы ортамен алғашқы байланыс құралы. Ол баланың заттарды тануына, дене сызбасын қалыптастыруға, кеңістікті бағдарлауға, сөйлеу және ұсақ моторика дамуына тікелей әсер етеді. Әсіресе сөйлеу тілі бұзылған, сенсорлық немесе психикалық дамуы тежелген балалар үшін тактильді сезімдерді дамыту – түзете-дамыту жұмысында ерекше орын алады.





Баланы ойын арқылы оқыту және тәрбиелеу

Құспанова Алтынғаным, «Нұрбалапан» бөбекжайының тәрбиешісі
Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Казталов ауылы



Кеңестік педагог **А. С. Макаренко**
«Баланың ойынға деген құмарлығы бар, сол құмарлықты қанағаттандыра білуіміз керек. Ойнау үшін тек қана уақытты бөліп қана қоймай, сонымен бірге баланың барлық өміріне ойынды бере және сіңіре білуіміз қажет. Оның барлық өмірі ойыннан тұрады» деген пікірін өз еңбектерінде атап өткен.

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады. Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Заттармен ойналатын ойындар: «Ғажайып қапшық», «Қай ағаштың жапырағы?» т.б. Үстел үсті ойындарды ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды», «Бір сөзбен ата», т.б.

Сонымен қатар ойындар баланың белсенділігін арттылып, тәрбиесінде оң әсерін тигізуді, өзіне де баға бере алады. Әрбір ойын балалардың адамгершілік жолындағы бір көтеріген баспалдағы секілді. Мысалы: «дүкен», «аурухана», «ұшқыштар», Отбасы, балалар бақшасы және т. б болып ойнайды. Ойын негізінен сергу кезінде ұйымдастырылады. Сондықтан ауада арнаулы құрылыстар ғимараттар, көптеген құрылыс материалдары күректер, доптар, секіргіштер болуға тиіс. Сюжетті рольді ойындар мектепке дейінгі балаларға тән ең сипатты бар ойындар болып табылады.

Мысалы: Дүкен ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттерін жасайды. Ал Аурухана ойыны ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне електейді.

Дидактикалық ойындар топ бөлімшесінде, аулада, залда өткізіледі. Дидактикалық ойынның орталығы ойыншықтар мен ойын құралдары. Дидактикалық ойындар табиғатпен таныстыру сабағында математика, тіл дамыту, сауат ашу, көркем әдебиет сабақтарында жиі қолданады. Әрбір

топта дидактикалық тұрғыдан жабдықталған қуыршақ, оның күнделікті тұтынуына керекті барлық заттардың комплектілері болу керек. Стол үстінде ойындарға лото, домино тақырыптық ойындар («Қайда не өседі?»), («Бұл кімге керек») т. б пазлдар, леғолар, қимыл белсенділігін, еріктілікті талап ететін ойындар жатады.

Ересек топтағы балалар үшін қағазға басылған стол үстінде ойналатын ойын қызықты келеді. Оларға табиғат құбылыстары, көліктің алуан түрлері (Кім не біледі, немен жүреді, немен жүзеді, немен ұшады?) бейнеленген ертегілердің кейіпкерлері қимыл көрсетеді.

Қимыл ойындары балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке психикалық дамытуына, жеке басының аса маңызды салалардың қалыптастыруына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойындары үйдің ішінде серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен өткізіледі. Олар сондай дене шынықтыру сабағына игерген соң өздігінен ойнай алады. Мысалы: Соқыр теке, Көкпар, Асық, Бәйге, Тақия тастамақ т. б ойындар жатады.

Драмалық ойындар шығарманың мазмұнын есте сақтауға, кейіпкердің жағымды, жағымсыз іс - әрекеттерін, адамгершілік қасиеттерін ажыратуға, отан сүйгіштікке, еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Баланы халыққа педагогикасы негізінде тәрбиелеу, елді таныту бағытында маңызды орын.

«Орамал кетті», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз Қуу» «ҰШТЫ, ҰШТЫ» т. б ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз.

Инновациялық технологиялардың ерекшелігі – білімді жатқа меңгерту емес, балалардың өз бетінше меңгеруіне ұмтылатындығында. Ол есту, көру қабілеттерін арттыруға, сөздік қорын ауызша дамытуға бағытталады. Жаңа технологияларды пайдалана отырып ойын арқылы балаларды тәрбиелеп жетістіктерге жеткізуге болады. Ойын таным процесін дамытудың негізі болғандықтан, әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде үнемі ойын элементтерін қолданып отырған дұрыс.





«Біртұтас тәрбие – бала жетістігінің кепілі»

Балдакова Жупаркуль, «Қуаныш» бөбекжай-бақшасы
КМҚК-ның меңгерушісі, басшы-ұйымдастырушы
Жамбыл облысы, Шу ауданы

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың тек танымдық дамуын қамтамасыз ету жеткіліксіз. Заманауи талаптар баланың зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалдық, рухани-адамгершілік және дене дамуын біртұтас жүйеде ұйымдастыруды талап етеді. Осы тұрғыда «Біртұтас тәрбие – бала жетістігінің кепілі» қағидасы мектепке дейінгі ұйым қызметінің стратегиялық бағыты ретінде қарастырылады.

Біртұтас тәрбие – баланың жеке тұлғасын жан-жақты дамытуды көздейтін, отбасы, балабақша және қоғамның өзара ықпалдастығына негізделген кешенді тәрбие моделі. Бұл модель баланың жас ерекшелігін, жеке қабілетін, қызығушылығын ескере отырып, тәрбиелік ортаны жүйелі ұйымдастыруды талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының негізгі міндеті – тәрбиелік үдерісті басқарудың тиімді стратегиясын қалыптастыру, педагогикалық ұжым жұмысын ортақ құндылықтарға бағыттау және бала дамуына қолайлы орта құру. Біртұтас тәрбие жүйесі арқылы баланың өзін-өзі тануы, қарым-қатынас мәдениеті, шығармашылық белсенділігі және әлеуметтік бейімделуі қалыптасады.

Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оның тұлғалық әлеуетін ашу және өмірге бейім, табысты тұлға қалыптастыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Бүгінгі қоғам баладан тек білімді ғана емес, сонымен қатар құндылыққа бағдарланған, әлеуметтік жауапты, шығармашыл және бейімделгіш болуды талап етеді.

Осы тұрғыда «Біртұтас тәрбие – бала жетістігінің кепілі» қағидасы мектепке дейінгі ұйым қызметінің стратегиялық бағыты ретінде өзекті мәнге ие. Біртұтас тәрбие – баланың зияткерлік, рухани-адамгершілік, әлеуметтік, эмоционалдық және дене дамуын үйлесімді түрде ұйымдастыруға бағытталған жүйелі тәрбие моделі.

Мектепке дейінгі кезең – тұлғаның негізі қаланатын шешуші кезең болғандықтан, тәрбие үдерісін басқару жүйелі, ғылыми негізделген және нәтижеге бағытталған болуы тиіс. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің басқару стратегиясында біртұтас тәрбие қағидаларын енгізу ерекше маңызға ие.

Әдістемелік құралдың мақсаты – мектепке дейінгі ұйым жағдайында біртұтас тәрбие жүйесін басқарудың тиімді моделін ұсыну және балабақша меңгерушісіне стратегиялық-әдістемелік қолдау көрсету.

1-БӨЛІМ. БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Біртұтас тәрбие ұғымы және оның педагогикалық мәні

Біртұтас тәрбие – бұл баланың тұлғалық дамуын барлық бағытта (зияткерлік, рухани-адамгершілік, әлеуметтік, эмоционалдық, дене және шығармашылық) кешенді түрде ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық жүйе.

Бұл ұғым тәрбиені жекелеген іс-шаралар жиынтығы ретінде емес, мектепке дейінгі ұйым қызметінің тұтас философиясы мен басқару мәдениеті ретінде қарастыруды көздейді.

Біртұтас тәрбие тұжырымдамасының негізінде:

тұлғаға бағытталған оқыту;
құндылыққа негізделген тәрбие;
әлеуметтік серіктестік;
инклюзивтілік;
үздіксіз даму қағидалары жатыр.

Мектепке дейінгі кезең – баланың мінез-құлқы, қарым-қатынас мәдениеті, өзін-өзі бағалауы, жауапкершілігі мен қызығушылықтары қалыптасатын шешуші кезең. Сондықтан бұл кезеңде тәрбиені жүйелі, ғылыми негізделген және стратегиялық басқару қажет.

1.2 Баланың жан-жақты дамуы – табысты тұлға қалыптастыру негізі

Мектепке дейінгі кезең – тұлғаның іргетасы қаланатын шешуші кезең. Осы кезеңде баланың дүниетанымы, мінез-құлқы, қарым-қатынас дағдылары, эмоционалдық тұрақтылығы мен танымдық белсенділігі қалыптасады.

Баланың жан-жақты дамуы – оның тек білім алуымен шектелмей, зияткерлік, рухани-адамгершілік, әлеуметтік, эмоционалдық және дене дамуының үйлесімді жүзеге асуын білдіреді. Бұл бағыттар өзара тығыз байланыста дамығанда ғана бала болашақта табысты, бейімделгіш және жауапты тұлға болып қалыптасады.

Жан-жақты даму келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

Зияткерлік даму – танымдық қызығушылық, ойлау, есте сақтау, сөйлеу және зерттеушілік қабілеттерді дамыту.

Әлеуметтік даму – қарым-қатынас мәдениеті, ынтымақтастық, ережені сақтау, қоғамға бейімделу.

Эмоционалдық даму – өзін-өзі тану, эмоцияны басқару, сенімділік қалыптастыру.

Рухани-адамгершілік даму – құндылықтарды түсіну, мейірімділік, жауапкершілік, құрмет.

Дене және шығармашылық даму – қимыл белсенділігі, эстетикалық талғам, шығармашылық белсенділік.

Бұл бағыттардың теңгерімді дамуы – табысты тұлға қалыптастырудың басты шарты.

1.3 Құндылыққа негізделген тәрбие жүйесі

Құндылыққа негізделген тәрбие жүйесі – баланың мінез-құлқы мен дүниетанымын жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыруға бағытталған тұтас педагогикалық модель.

Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны сезім арқылы қабылдайды, үлкендердің іс-әрекетін үлгі етеді және күнделікті тәжірибе арқылы мінез қалыптастырады. Сондықтан осы кезеңде берілетін құндылықтар баланың болашақ тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді.

Бұл құндылықтар баланың әрекеті арқылы қалыптасады. Яғни тәрбие тек түсіндірумен емес, күнделікті орта, қарым-қатынас және ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы жүзеге асады.

2-БӨЛІМ. МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ОРТАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1 Қауіпсіз, инклюзивті және дамытушы орта

Біртұтас тәрбие жүйесін тиімді жүзеге асыру үшін мектепке дейінгі ұйымдағы орта баланың жан-жақты дамуына



жағдай жасайтын, қауіпсіз әрі қолдаушы сипатта болуы тиіс. Тәрбиелік орта – тек ғимарат пен жабдықтар жиынтығы емес, ол психологиялық ахуал, қарым-қатынас мәдениеті және ұйымдастыру жүйесі арқылы қалыптасатын кешенді кеңістік.

Қауіпсіз, инклюзивті және дамытушы орта баланың өзін еркін сезінуіне, жеке қабілеттерін көрсетуіне және әлеуметтік бейімделуіне мүмкіндік береді.

Бұл орта үш негізгі құрамдас бөліктен тұрады:

Қауіпсіз орта – физикалық, психологиялық және әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

Инклюзивті орта – әр баланың ерекшелігін ескеру және тең мүмкіндік ұсыну;

Дамытушы орта – баланың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік белсенділігін ынталандыру.

2.2 Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту

Біртұтас тәрбие жүйесінің табысты жүзеге асуы педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты. Педагог – баланың тұлғалық дамуына ықпал ететін негізгі тұлға, ал оның кәсіби деңгейі тәрбие сапасының көрсеткіші болып табылады.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагог тек білім беруші емес, ол – ұйымдастырушы, бағыттаушы, зерттеуші және құндылық таратушы тұлға. Сондықтан педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту жүйелі және стратегиялық сипатта ұйымдастырылуы тиіс.

2.3 Отбасы мен балабақша серіктестігі

Біртұтас тәрбие жүйесі отбасы мен балабақша арасындағы өзара сенімге, ынтымақтастыққа және ортақ жауапкершілікке негізделген жағдайда ғана тиімді жүзеге асады. Мектепке дейінгі кезеңде бала тәрбиесінің басты ортасы – отбасы. Балабақша осы тәрбиелік ықпалды толықтырып, жүйелеп, бағыттаушы рөл атқарады.

Отбасы мен балабақша серіктестігі – баланың үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық өзара әрекет жүйесі. Бұл серіктестік баланың тұлғалық қалыптасуына бірізді, тұрақты және қолдаушы орта құруға бағытталған.

3-БӨЛІМ. БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯСЫ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ НӘТИЖЕ

3.1 Балабақша меңгерушісінің стратегиялық басқару моделі

«Біртұтас тәрбие – бала жетістігінің кепілі» тақырыбы аясындағы стратегиялық басқару моделі – балабақша қызметін жүйелі, нәтижеге бағытталған және сапалы ұйымдастыруға негізделген кешенді басқару жүйесі. Бұл модель баланың үйлесімді дамуын, ұжымның кәсіби өсуін және ата-анамен серіктестікті қамтамасыз етуге бағытталады.

Стратегиялық басқару моделі төрт негізгі бағытта жүзеге асырылады: **жоспарлау – ұйымдастыру – мониторинг – нәтижені талдау және жетілдіру.**

3.2 Тәрбие үдерісін мониторингтеу және бағалау

«Біртұтас тәрбие – бала жетістігінің кепілі» қағидатын тиімді жүзеге асыру үшін тәрбие үдерісін жүйелі мониторингтеу және нәтижесін объективті бағалау – балабақша меңгерушісінің негізгі басқарушылық міндеттерінің бірі.

Мониторинг – тек бақылау емес, ол – **жоспарлау, талдау, түзету және жетілдіру циклінен** тұратын үздіксіз басқару процесі.

3.3 Бала жетістігін бағалау және даму көрсеткіштері

«Біртұтас тәрбие – бала жетістігінің кепілі» қағидаты баланың тек білімін емес, оның тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалдық және рухани дамуын кешенді бағалауды талап етеді. Сондықтан балабақша меңгерушісі бала жетістігін бағалауды жүйелі, әділ және даму динамикасына негізделген форматта ұйымдастыруы тиіс.

«Біртұтас тәрбие – бала жетістігінің кепілі» атты әдістемелік құрал мектепке дейінгі ұйым жағдайында тәрбиелік жұмысты жүйелі, мақсатты және нәтижеге бағытталған түрде ұйымдастырудың мазмұнын айқындайды. Құралда тәрбие үдерісін стратегиялық басқару, тұрақты мониторинг жүргізу, бала жетістігін бағалау және даму динамикасын талдау тетіктері өзара байланыста қарастырылып, балабақша меңгерушісінің басқарушылық қызметіне нақты бағыт-бағдар берілді.

Әдістемелік құралдың негізгі идеясы – тәрбие жұмысын бөлшектеп емес, біртұтас жүйе ретінде қарастыру. Баланың әлеуметтік, тұлғалық, эмоционалдық және танымдық дамуы өзара сабақтастықта ұйымдастырылған жағдайда ғана сапалы нәтижеге қол жеткізуге болады. Біртұтас тәрбие қағидатын жүзеге асыру арқылы баланың мінез-құлқында құндылықтар тұрақты қалыптасып, жауапкершілік, ынтымақтастық, мейірімділік және өзін-өзі реттеу дағдылары дамиды.

Сонымен қатар, тәрбие үдерісінің тиімділігі педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне және ата-анамен серіктестікке тікелей байланысты екені көрсетілді. Тұрақты кері байланыс, бірлескен талдау және ортақ жауапкершілік баланың жетістігін арттыруға ықпал етеді. Басқару шешімдерін нақты деректерге сүйене отырып қабылдау мектепке дейінгі ұйым жұмысының сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Қорытындылай келе, біртұтас тәрбие жүйесі – баланың үйлесімді дамуына негіз болатын стратегиялық бағыт. Жүйелі басқару, тұрақты мониторинг және әділ бағалау арқылы баланың жетістігі қамтамасыз етіледі. Біртұтас тәрбие – бүгінгі сапалы тәрбие мен ертеңгі табысты тұлғаның кепілі.





Мектепке дейінгі ұйымдарда қоршаған ортаны танып білуге серуенді ұйымдастыру

Хакимова Ақжайық, «Қуаныш» бөбекжай-бақшасы КМҚК-ның педагог-зерттеушісі, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі
Жамбыл облысы, Шу ауданы

«Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру аясында әдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже ҚР-ң 2007 жылғы 27-шілдедегі №319-ІІІ «Білім туралы» Заңына (06.05.2020 жылы еңгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді. Бағдарлама мазмұнына аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат жүктеме берілген. Мектепке дейінгі ұйымдардағы ересек топтарына танымдық және зияткерлік дағдылар бағыты бойынша ұсынылған.

Бағдарламаның мақсаты

Мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды серуенде қоршаған ортаны танып білуге үйрету.

Міндеттері:

1.Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтауды қалыптастыру.

2.Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтауға үйрету.

3.Қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік танытуға дағдыландыру.

4. Іс-әрекетіне талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;

5.Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.

6. Баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру.

7. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау.

8.Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.

Бағдарламаның өзектілігі:

Аталған тақырып әлемдік білім беру үдерісінде ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап өзекті. Мектепке дейінгі ұйымдарда метеп жасына дейінгі балалардың әрекет нәтижелерін бақылаудың негізгі әдіс-тәсілдері, тәрбие мен оқу үдерісіне рефлексия жүргізуді түсіну және қолдану білігін қалыптастыруы маңызды. Дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыруымен өзекті.

Бағдарламаның жаңалығы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда серуен бөлігінде баланың қоршаған ортаны танып-білудегі біліктер мен дағдыларын зерттеу жұмыстары мен эксперимент жасау арқылы меңгерту.

Психологиялық жаңалығы: Айналамен танысу үдерісінде балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын оятып, табиғатты аялап, қорғау талпыныстарына қолдау көрсету.

Күтілетін нәтиже:

1.Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды.

2.Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтауды үйренеді.

3.Қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік танытуға дағдыланады.

4. Іс-әрекетіне талдау жасай біліп, қорытынды шығара алады.

5.Ойындарда физикалық қасиеттері (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамиды.

6. Бала айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алады.

7.Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамалары қолдауға ие болады.

8.Балалардың жас және жеке ерекшеліктері бойынша топтасып жұмыс жасайды.

«**Жасыл ел**» бөліміне «Экологиялық соқпақ», «Жасыл дәріхана», «Табиғат аясындағы қауіпсіздік», «Таза ауадағы демалыс» тақырыптары берілген. Бұл бөлімде төмендегі педагогикалық технологиялар қарастырылады.

Жобалы –іс шығармашылық технологиясы
Дамыта оқу технологиясы Элькони-Давыдов

Монтессори №1 Өлкемізге күз келді

Мақсаты:Ағаштар мен бұталарды маңызды белгілері бойынша жіктеу дағдыларын дамыту.

1.«Кім тапқыр» ойын

Мақсаты: ағаштар мен бұталардың ерекшеліктерін байқап, ажырата алуға үйрету.

Дидактикалық материал:

ағаштар мен бұталардың 4 түрі бейнеленген карталар, олардың 3-і бір тақырыптық топқа, ал төртіншісі басқа топқа жатады.

Ойын барысы:

балаларға тапсырма беріледі:
1-тапсырма: А тобы суреттерді қарастырып, оларда не бейнеленгенін атау,қай кескіннің артық екенін анықтау.

2-тапсырма: Б тобы Қалған суреттерді бір сөзбен атау. Әрбір қатысушы кезегімен артық суретті жояды. Егер ол қателесе немесе тапсырманы орындамаса, оның нұсқасы келесі ойыншыға ұсынылады. Әрбір дұрыс орындалған тапсырма үшін чип беріледі. Кім көп чип жинаса, сол жеңіске жетеді. Тоғайдағы ағаш пен бұталарды сыртқы белгілері арқылы ажыратады.

3-тапсырма:

Жапырақтар,гүлдерден гербарии жасайды.
2. «Сикырлы ағаш» ойын
Мақсаты: Байқағыштық қабілетін және зейіннің шоғырлануын арттыру. Бейнелі ойлауын дамыту.



Материалы: әр түрлі түймелер,ағаштың макеті.



3. «Ағаш пен адам» ойын

Мақсаты: балаларды шаблондарды қолдана отырып қарапайым модельдеуге үйрету; адам мен ағаштың құрылымы туралы білімді бекіту; себеп-салдарлық байланыстарды орнату мүмкіндігі; табиғатқа, өсімдіктер әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру.


Материалдар мен жабдықтар: адам мен ағаштың макеті, суреттері.

Ағаштан адамға. - Ағаштың тамыры бар, ал адамның тамыры бар. (аяқтар) - Ағаштың діңі, ал адамның діңі бар. (денесі) - Ағаштың бұтақтары, Ал адамның бұтақтары бар. (қолдар) - Ағаштың тәжі бар, ал адамның тәжі бар. (бас) - Ағаштың жапырақтары, инелері және адамы бар. (саусақтар) Балаларға адам мен ағаштың ұқсастығын білдіріп, ағашты жақсы көріп, қорғауға шақыру.

№2 Су астындағы тіршілік

1. «Шортан балық» ойын

Мақсаты: Жергілікті су қоймасындағы тіршілік иелерімен таныстыру. Жаңа балық – шортанмен, оның құрылымымен таныстыру; судағы мінез-құлық ережелерімен, қауіпсіздік мәдениетінің негіздерімен таныстыруды жалғастыру;



Балықшының қармағына ілінген балықтарды сыртқы белгілеріне, түріне қарай ажырата алуға үйрету

Тапсырма: Өзге балықтардың арасынан шортанды сыртқы белгілері бойынша табу, салыстыру.

2. «Сенсорлық балықтар» ойын

Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, тактильді сезімді талдауға үйрету.

Материалы: әртүрлі заттармен толтырылған үш қапшық күріш, қарақұмық, тары, тұз, жарма, бұршақ, асқабақтың дәні, жаңғақ, мақта, түйме

1-жинақта 10x10 түрлі түсті қапшық, 2-жинақта балық пішінді қапшықтар, 3-жинақта мөлдір зип-пакеттер

1-тапсырма: Алақанға салматап жеңіл және ауыр балықтарды салыстырып топтастыру. Сыртқы белгілеріне қарай қою немесе ашық түстерін ажыратып салыстыру.

2-тапсырма:

Ішіне не жасырылған Саусақтармен сипапай отырып ішіндегі затты анықтау, қасиеттерін-қатты, жұмсақ, ірі, ұсақ, пішіні, өлшемін атау.

3-тапсырма:

«Дәл сондай балықты тап» Ішіндегі заттардың ұқсастығы бойынша балық қапшықтарды топтастыру.

3. «Ғажайып қалта» ойын

Мақсаты: Сөздік қорын молайту, сыни ойлай білуге дағдыландыру.

1-тапсырма:

Қалтадағы затты алып, оны суреттейді
2-тапсырма: Ғажайып қалтаны жазып, магнитті қармақпен балық аулау, санау, ұқсастығы мен айырмашылығын табу.

3-тапсырма:

Ғажайып қалтаның келесі бетін аударып, су асты тасбақасы немесе жұлдызша секілді тіршілік иелерімен «крест пен нолик» ойынын ойнату.



Ата-аналардың бала тәрбиесінде сенімділік білдіруі мен қолдау көрсетуі

Алтаева Жаухар, «Нұрбалапан» бөбекжайының педагог-психологі
Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Казталов ауылы



Мақсаты: ата-ананың бала тәрбиесіндегі қарым-қатынасы туралы түсініктер беру арқылы ата-аналардың білімін көтеруге көмектесу.

Міндеттері:

-Шағын дәріс арқылы ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты ақпарат беру;

-Ата-аналардың баламен қарым-қатынасында баланың үмітіне балта шабатын сөздерден аулақ болуға кеңес беру;

Шағын дәріс:

«Бала тәрбиесінде ата-аналар тарапынан қандай қасиеттер керек?» Бүгінгі семинарда ата-анамен бала арасындағы психологиялық қарым-қатынас жайлы әңгімелеп, оны жаттығулар арқылы көрсетуге тырысамыз.

Бала үшін отбасы-оның туған ұясы және өмір сүретін негізгі ортасы (материалдық және рухани)

Дәл осы отбасында бала қоршаған дүние туралы алғашқы түсініктерді алады. Отбасы – белгілі бір рухани-психологиялық ахуал, бұл бала үшін адамдармен қарым-қатынас жасау мектебі. Дәл осы отбасында баланың жақсылық пен жамандыққа, тәртіпке деген түсініктері қалыптасады. Отбасындағы жақын адамдарымен достық, жауапкершілік, әділдік сезімдерін бірге сезінеді. Бұл жерде ата-ана махаббат сезімдерінің көрсету мөлшері маңызды. Ата-анасының махаббатын толық ала алмаған бала көбінесе мейірімсіз, ашушаң, тұйық, өте ұялшақ болып өседі. Бала әрдайым ата-ананың аялы алақанын қажетсініп тұрады. Қиындықтар туған сәтте ата-анасының тарапынан қолдау тауып, үлкен сенім артылған бала ісі оңға басады. Әрине, ата-ана балаға деген сезімін түрліше жеткізеді. Қандай жағдай болмасын, баланың



өзіне деген сенімін тудырып, қолдап отыру керек. Бала бір істен қателескен жағдайда оған шыдамдылық көрсету керек. Мұндай сәтте өзге отбасылармен салыстыруға әуестенбеу керек. Рас, кейде өзге біреудің балалары бойындағы қабілеті айырықша сияқты көрінеді. Бірақ, ол басқа бала. Сондықтан әр баланың өзінің жеке басының ерекшелігін, ешкімге ұқсамайтын кейбір қасиеттерін сезіну керек. Мұндай жағдайда ата-ана баласының жай ғана талпынысының өзін қолдап түсіне білуі керек. Ең бастысы, бала біздің оны қалай бағалайтынымызды және одан не күтетінімізді сезінуі және түсінуі тиіс.

Кінәлі сөздер

1-топ: Сенен ешқандай жақсылық шықпайды, нөлсің.

«Сенің де қолың өмірде бір нәрсеге жететініне сенгім келеді» деп, үміт артуы керек.

Неге сен басқа балалардай емессің?

«Сенің де басқалардан өзгеше болуыңа құқың бар, сенің де қолыңнан келеді» - деп, сенім артуы керек.

Неменеге ұсқынсыз болып кеткенсің, үстің кір-кір. «Үстінді ретке келтір, шашыңды тара, киіміңді ауыстыр» - деп, баланың өзін жақсы сезінуіне көмектесу керек.

Тағы осылай істесең, менен таяқ жейтін боласың. «Біз саған қиыншылықты жеңуге көмектесеміз, екіншілей жаман қылық жасама».

Сенің кесіріңнен өмірі жолымыз болмады. «Үлкендердің өмір жолында болып жатқан жағдайларға сен кінәлі емессің. Сенің болашағың алда, үлкен ғалым боласың, жақсы дәрігер, білімді ұстаз болуды арманда»

Сұрақ-жауап 2-топ:

Әр жағдайда сіз өз ісіңізді тастай салып, балаңызға бір сәт көңіл бөлесіз бе?

Балаңыздың жасын ескермей онымен ақылдаса аласыз ба?

Балаңызбен арадағы қарым-қатынас барысында жасаған қателігіңізді мойындай аласыз ба?

Өзіңіздің қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрай аласыз ба?

Балаңыздың ісі ашу шақыртқан кезде өзіңізді игере аласыз ба?

Бір сәт сізге мейірімді адам ретінде сенуге бола ма?

7. Өзіңіздің балалық шағыңыздан балаңызға өнегелі, қызықты әңгіме айта аласыз ба?

8. Балаға берген уәдеңізді орындайсыз ба?

9. Балаңызбен бірге серуенге шығасыз ба, демалыс орындарына барасыз ба?

«Бірлесе шешейік» жаттығуы:

Мақсаты: Ана мен бала бірлесіп әрекет еткен жағдайда жақсы нәтижеге қол жеткізу оңайға түсетінін сезінуді ұғындыру.

Шарты: Ана мен бала болып жұптасып отырамыз. Екі адамға бір парақ беріледі. Бала бір қолымен бір өзі умаждау керек. Бір қолмен ғана осы парақты қайтадан жазайық. Бір қолмен қимылдаған әрекет қалай, қиын ба? Енді анамызбен бірге бірігіп қайтадан жасаймыз. Ананың бір қолымен және баланың бір қолымен жұмыстанамыз. Екеулеп умаждап, екеулеп ашамыз. Екеулеп ашқан оңай болды ма? Ол жердегі шығатын қорытынды, түйін, баланың басында болып жатқан қиындықты бала бір өзі шешкенде қиналады. Ал, екеуі бірлесе шешкен жағдайда оңайға түсетінін бала сезінеді.

«Сенімді құлау» жаттығуы

Мақсаты: Ата-ана мен баланың бір-біріне сенімділігін анықтау.

Шарты: Анасы мен баласы қатар тұрады. Баласы денесін еркін ұстап түп-түзу боп анасына құлайды. Ал анасы құлатпай ұстап қалуы қажет.

«Ретін тап» ой бөлісу әдісі

Алты бөлікке бөлінген суреттер беріледі. Ата-аналар бұл суреттерді рет реімен қойып не себепті қойғандықтарын түсіндіріп өз ойларымен бөлісетін болады.

Жауабы: Бұл гүлдер адам ретінде алынып отыр. Ата-анасы мен баласы ретінде. Жаңбыр бұл өмірдегі кедергі. Қалай баланы өмірдегі кедергіден қорғаймын деп соңында балаға көмектесу емес, кері әсер тигені көрінеді.

«Галереяға саяхат»

Тақтаға дайын суреттерді іліп көрсетіп қоямыз. Бұл суреттерді ата-ана көріп, қарап, ойланып түсінік қалыптастырады. Өз ойларымен бөліседі.

«Өтінемін» ойыны

Шарты: Жартылай шеңберге қатысушылар тұрады.

Нұсқаушы: әртүрлі өтініштер айтады, егер «өтінемін» деген сөзді айтса, ойыншылар орындайды. Айтпаса орындамайды. Мысалы: секіріңдер, оң аяқтарыңды көтеріңдер, өтінемін қол шапалақтаңдар, өтінемін бір-бірінді құшақтаңдар, қолмен амандасыңдар, өтінемін орындарыңды ауыстырыңдар, аяқпен топылдатамыз.

Қорытынды:

«Баланы жастан бақпасаң, жамандықтан қақпасаң
Қадірден жұрдай қасқа боп, кешкенің өмір босқа тек»,
- дегендей

Ата-аналар бала тәрбиесіне кішкентай кезінен бастап баламен қарым-қатынаста болып, балаға сенім білдіріп, үміт артып қолдап отыруы өте маңызды.





Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру ортасының сапасын бағалау

(әдіскерлер мен педагогтерге арналған кеңес)

Дариебаева Айсулу, Жылыой ауданы білім бөлімінің
КМҚК “Еркем-ай” бөбекжайы-бақшасының меңгерушісі
Атырау облысы, Жылыой ауданы



Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың жан-жақты дамуы ең алдымен **білім беру ортасының сапасына** тікелей байланысты. Егер ата-ана – баланың бірінші тәрбиешісі, педагог – екінші тәрбиешісі болса, ал **білім беру ортасы – үшінші тәрбиеші** болып табылады.

Сондықтан, баланы қоршаған кеңістік – материалдар, ойыншықтар, қабырғалар, еден, оқу және ойын аймақтары – барлығы баланың дамуына ықпал ететін **білім беру ресурсы** ретінде қарастырылуы тиіс.

Білім беру ортасының негізгі сипаттамалары:

Қанықтылығы – балалар еркін пайдалана алатын түрлі материалдар мен ойындардың жеткілікті болуы;

Қолжетімділігі – баланың материалдарды өз бетінше таңдап, қолдана алуы;

Ересек адамның қолдауы – педагогтың баланың ортаны игеруіне бағыт-бағдар беруі.

Өз ортасына әсер ете алатын бала өзін сол кеңістіктің иесі ретінде сезінеді, ал бұл оның дербестігін, сенімділігін арттырады.

Сапалы педагогикалық қарым-қатынас үшін маңызды жағдайлар:

қызығушылық орталықтарының болуы;

оқшау демалу орындары;

тілдік және қарым-қатынас ортасының дамуы;

балаларға таңдау жасау мүмкіндігін беру;

күнделікті кітап оқу, ойын арқылы оқыту;

күніне кемінде 2 сағат физикалық белсенділік;

сабақтарды тек үстелде емес, қозғалыс арқылы

ұйымдастыру.

Баланың дамуын қолдаудың негізгі бағыттары:

1. Дербестік пен бастамашылдық

Бала өз әрекетін жоспарлап, нәтижесін талдай алуы тиіс. Ол үшін топ ортасы және күн тәртібі соған сай ұйымдастырылады.

2. Эмоционалды жайлылық

Баланың сезімдері мен қажеттіліктерін құрметтеу – барлық дамудың негізі. Жылы қарым-қатынас баланың өзіне деген сенімін қалыптастырады.

3. Танымдық даму

Таным – жаттаумен емес, ойлау, қиялдау, мәселе шешу арқылы дамиды. Қиял – баланың мектепке дайындығының маңызды көрсеткіші.

4. Әлеуметтік қарым-қатынас. Балалар шағын топта жұмыс істеп, бірлескен ойындар арқылы келіссөз жүргізуді үйренеді. Педагог бұл үдерісте делдал рөлін атқарады.

5. Физикалық өзін-өзі реттеу

Өз эмоциясын, мінез-құлқын, қозғалысын басқару – баланың болашақтағы табысының негізі.

6. Эстетикалық және шығармашылық даму

Баланың сенсорлық тәжірибесін байыту, өнер, музыка, театр элементтері арқылы шығармашылықты дамыту маңызды.

Сапаны бағалауда қолданылатын құралдар:

ата-аналарға арналған сауалнама;

тәрбиешінің апталық рефлексиясы;

әдіскердің топтағы бақылауы.

Бұл құралдар педагогикалық үдерісті объективті бағалауға, әлсіз тұстарды анықтауға және сапаны арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Мектепке дейінгі білім беру сапасы төмендегі **5 негізгі критерийдің бірлігінде** қамтамасыз етіледі:

заманауи материалдық база;

дамытушы және қолжетімді орта;

білікті, мейірімді педагог;

бала мен педагог арасындағы сапалы қарым-қатынас;

ата-ана мен педагогтің серіктестігі.





Білім беру жүйесіндегі педагог-психологтың кәсіби қызметінің ғылыми негіздері



Аннотация. Мақалада білім беру жүйесіндегі педагог-психологтың кәсіби қызметінің ғылыми негіздері қарастырылады. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік және психологиялық өзгерістер жағдайында педагог-

психологтың рөлі оқушылардың психологиялық саулығын сақтау мен тұлғалық дамуын қамтамасыз етуде ерекше мәнге ие екені айқындалады. Зерттеуде педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттары: психодиагностика, алдын алу, түзету-дамыту және кеңес беру жұмыстары сипатталады. Сонымен қатар психологиялық сүйемелдеудің оқу мотивациясына, эмоционалдық тұрақтылыққа және әлеуметтік бейімделуге әсері талданады. Мақалада педагог-психологтың педагогтер және ата-аналармен өзара ынтымақтастығы білім беру үдерісінің тиімділігін арттырудың маңызды факторы ретінде көрсетіледі. Автор педагог-психологтың ғылыми негізделген қызметі білім сапасын арттыруға және оқушының үйлесімді дамуына ықпал ететінін тұжырымдайды.

Түйінді сөздер: педагог-психолог, психологиялық қызмет, психологиялық сүйемелдеу, білім беру жүйесі, тұлғалық даму, психологиялық саулық.

Қазіргі білім беру кеңістігінде педагог-психологтың қызметі оқушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Білім беру үдерісінің тиімділігі тек оқу жетістіктерімен ғана емес, сонымен қатар білім алушының эмоционалдық тұрақтылығы, тұлғалық дамуы және әлеуметтік бейімделуімен тығыз байланысты. Осы тұрғыда педагог-психологтың кәсіби қызметі кешенді сипатқа ие.

Педагог-психологтың негізгі міндеттеріне психодиагностика жүргізу, алдын алу шараларын ұйымдастыру, түзету-дамыту жұмыстарын іске асыру және кеңес беру қызметі жатады. Психодиагностикалық зерттеулер арқылы

Естаева Дамира, Жылыой ауданы білім бөлімінің КМҚК “Еркем-ай” бөбекжайы-бақшасының педагог-психологі
Атырау облысы, Жылыой ауданы

оқушының танымдық процестері, эмоционалдық жағдайы мен мінез-құлық ерекшеліктері анықталады. Ал алынған нәтижелер жеке және топтық жұмыстарды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарында психологиялық қолдау көрсету баланың оқу мотивациясын арттыруға, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға және стресс факторларының алдын алуға ықпал етеді. Әсіресе жасөспірімдік кезеңде психологиялық сүйемелдеу тұлғалық тұрақтылықты сақтаудың негізгі шарты болып табылады. Бұл кезеңде педагог-психологтың кәсіби араласуы баланың қоғаммен үйлесімді қарым-қатынасын орнатуына жағдай жасайды.

Сонымен қатар, педагог-психологтың қызметі педагогтер мен ата-аналармен өзара ынтымақтастықта жүзеге асырылады. Психологиялық ағарту жұмыстары арқылы ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты психологиялық сауаттылығы артады, ал педагогтер оқу үдерісінде жеке ерекшеліктерді ескеруге дағдыланады.

Қорытындылай келе, педагог-психологтың кәсіби қызметі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ғылыми негізделген психологиялық жұмыстар оқушылардың үйлесімді дамуын қамтамасыз етіп, білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан педагог-психологтың рөлі қазіргі қоғамда ерекше мәнге ие.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Абрамова Г.С. Психологиялық кеңес беру негіздері. – Москва: Академиялық жоба, 2018.
- 2.Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 2019.
- 3.Немов Р.С. Педагогикалық психология. – Москва: Юрайт, 2020.
- 4.Құнанбаева С.С. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
- 5.Выготский Л.С. Баланың психикалық дамуының мәселелері. – Санкт-Петербург: Питер, 2020.



Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда жобалау технологиясын қолдану



Балабақшадағы балалардың жан-жақты, рухани бай, жоғарғы мәдениетті болып қалыптасуына музыка тәрбиесінің қосатын үлесі зор. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас

Ержанова Жазира, Жылыой ауданы білім бөлімінің КМҚК “Еркем-ай” бөбекжайы-бақшасының тәрбиеші - модераторы
Атырау облысы, Жылыой ауданы

бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынтымақтасын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-



тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, тұлға тәрбиелеу. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – үздіксіз білім берудің бірінші деңгейі, ол баланың жас және жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, жеке басының толыққанды дамуы үшін дамыту ортасын жасайды. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуы әржақтылығымен және қарқындылығымен ерекшеленеді. Мектепке дейінгі мекемеде жобалық қызметті ұйымдастыру жұмысы баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тақырыпты толық игерту арқылы жүзеге асады және осы мақсатта әдіс-тәсілдер таңдалып алынады. Жобалау әдісі – инновациялық педагогикалық технология. Педагогикалық жоба ол педагогтардың арнайы ұйымдастырған, балалардың өздігінен шешім қабылдауын және де өз таңдауы мен еңбегінің, шығармашылығының нәтижесіне өзін жауапты ететін іс-әрекеттер тобы. Жоба технологиясының ерекшелігі

– баланың алдағы іс-әрекетті жобалай алуы мен оның субъекті бола білуі. Жоба – ол баланың мақсатқа жетуде қоршаған ортасын кезеңді процестер мен алдын-ала жоспарланған тәжірибелік іс-әрекет арқылы қабылдайтын педагогикалық әдіс. Жобалау әдісі – мәселені жете зерттеу арқылы, нақтылы нәтиже бере алатын, рәсімделген дидактикалық мақсатқа жету тәсілі. Жобалау әдісі – жеке басқа бағытталған оқыту әдісі. Ол оқудың мазмұндық бөлігі мен тапсырма кешені арқылы шеберлік пен дағдыны дамытады. Жобалап оқытудың артықшылықтары: логикалық дәрежеде ойлау мен белсенді зерттеуді мадақтау, балалардың өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімдерінің артуы, жобамен жұмыс жасағанда, дәстүрлі оқытумен салыстырсақ балалар өз оқуларының жауапкершілігін байыпты түрде өздері алады. Нәтижесінде оқудың сапасы жақсарады және ойлау мүмкіншілігі мен мәселені түсіне білу, ынтымақтасу және қарым-қатынас сияқты іс-әрекет шеберлігі мен әдістерін дамыту мүмкіншілігі артады.



Тәрбиеленушілермен жұмыс жүргізуде менің ұстанымым



Қазіргі қоғамда тәрбиеленушілермен жұмыс жүргізу педагогтан тек кәсіби білімді ғана емес, үлкен жауапкершілік пен адами қасиеттерді талап етеді. Себебі, тәрбие - баланың дүниетанымын, өмірге деген

көзқарасын, мінез-құлқын қалыптастыратын маңызды үдеріс. Осыған байланысты мен тәрбиеленушілермен жұмыс барысында ең алдымен тұлғаға бағытталған, адамгершілікке негізделген ұстанымды басшылыққа аламын.

Менің ойымша, әрбір бала - дайын ереже мен талаптарға бағынатын объект емес, өзіндік ойы, сезімі, ішкі жан дүниесі бар жеке тұлға. Сондықтан тәрбиелеу барысында баланың ерекшелігін ескеріп, оның қабілеті мен қызығушылығын дамытуға жағдай жасау маңызды. Барлық бала бірдей емес, біріне қолдау керек болса, екіншісіне сенім арту жеткілікті. Осыны түсіну - тәрбие жұмысының алғашқы қадамы.

Тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста мен үшін сенім мен сыйластық басты орында. Бала өзін қауіпсіз сезінген ортада ғана ашылады, өз ойын еркін жеткізе алады. Егер тәрбиеші тек бұйрық беріп, талап қоюмен шектелсе, балада қорқыныш пен тұйықтық пайда болады. Ал сенімге негізделген қарым-қатынас тәрбиеленушінің өзін-өзі бағалауына, жауапкершілікті сезінуіне және тәрбиешіні серіктес ретінде қабылдауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мен тәрбиеші үшін ең әсерлі әдіс - жеке үлгі көрсету деп санаймын. Балалар айтылған ақылдан гөрі,

Курмашева Айнагуль, Жылыой ауданы білім бөлімінің
КМҚК “Еркем-ай” бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Атырау облысы, Жылыой ауданы

көрген әрекетке көбірек мән береді. Сондықтан тәрбиеші өз іс-әрекетімен, сөйлеу мәдениетімен, қиын жағдайда өзін ұстауымен үлгі болуы керек. Әділдік, сабырлық, мейірімділік, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді бойына сіңіру үшін бала оны тәрбиешінің өзінен көруі қажет.

Менің ұстанымымда жазалау соңғы орында тұрады. Қателік жіберген тәрбиеленушіні кінәлау немесе қатал шара қолдану мәселені шешпейді. Керісінше, қателіктің себебін анықтап, оны түсіндіріп, дұрыс жолды көрсету маңызды. Осындай жағдайда бала өз әрекетіне жауапкершілікпен қарап, қателіктен сабақ алуды үйренеді. Тәрбие - қысым көрсету емес, бағыт-бағдар беру екенін әрдайым есте ұстау қажет.

Сонымен, бірге мен тәрбиеленушінің пікірін тыңдап, оны құрметтеуді маңызды деп есептеймін. Бала өз ойының ескерілетінін сезінгенде, өзін тұлға ретінде қабылдай бастайды. Бұл оның белсенділігін арттырып, өзіне деген сенімін нығайтады. Ал сенімді, өз ойын ашық жеткізе алатын бала - болашақта саналы азамат болып қалыптасады.

Қорытындылай келе, тәрбиеленушілермен жұмыс жүргізудегі менің ұстанымым - баланың тұлғалық дамуын басты орынға қою, сенім мен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнату және адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіру. Мен әрбір тәрбиеленушіні болашақта өз жолын таба алатын, қоғамға пайдалы, жауапкершілігі жоғары азамат ретінде қалыптастыруды өзімнің басты мақсатым деп санаймын.





Жылыой ауданындағы КМҚК «Еркем-ай» бөбекжайы-бақшасынан Ясли-сад «Еркем-ай» Жылыойского района

Түстер әлемі



Мақсаты: Балаларды негізгі түстермен таныстыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері: Білімділік: Негізгі түстерді (қызыл, сары, көк) ажырата білуге үйрету

Дамытушылық: Саусақ моторика-

сын, қиялын дамыту

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу

Көрнекіліктер: Түрлі түсті бояулар пласталин ақ қағаз түрлі түсті қағаздар.

Ұйымдастырылған іс әрекет: Балалармен сергіту сәті (Қоян)

Амандасу көңіл күйлерін сұрау

Қандай мезгіл екенін сұрау

Ауа райы қандай?

Қар жауып тұрма?

Сендерге қыс ұнайма?

Қыста қандай киімдер киеміз?

Орындарына отырғызамыз.



Айтбаева Лаура, Жылыой ауданы білім бөлімінің КМҚК “Еркем-ай” бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Атырау облысы, Жылыой ауданы

Тақырыппен таныстыру: Түстер әлемі (видеоролик)
Балалармен кері байланыс жасау сұрақ арқылы (алма түсі қандай? банан түсі қандай? Алмұрт түсі қандай? Көкжидек түсі қандай?)

Маторикалық ойын: түстерді ажырату(2)

Сергіту сәті:

Қызыл, жасыл, сары, көк

Шарлармен біз ойнаймыз

Қолды соғып секіреміз

Көңілді болып қуанамыз.

Шығармашылық іс әрекет

2 топқа 2 түрлі шығармашылық іс әрекет (жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) **Қортынды:** балалар біз қандай түстерді білдік? Алманың түсі қандай екен? Бананың түсіме? Деген сұрақтар қою арқылы қортындылаймын.



Дидактикалық ойын: «Ұлттық құндылықтар»



Ұлттық құндылықтар – халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі мен мәдениетінен көрініс табатын рухани байлық. Балабақша жасындағы балаларға ұлттық құндылықтарды түсіндіруде дидактикалық ойындардың маңызы зор, себебі ойын арқылы бала ақпаратты жеңіл әрі қызығушылықпен қабылдайды.

Дидактикалық ойындардың мақсаты – балаларды қазақ халқының ұлттық киімдерімен, тағамдарымен, тұрмыстық бұйымдарымен, салт-дәстүрлерімен таныстыру. Мысалы, «Ұлттық затты тап», «Салт-дәстүрді жалғастыр», «Қай тағам ұлттық?» сияқты ойындар арқылы балалар ұлттық құндылықтарды ажыратып, есте сақтайды.

Ойын барысында көрнекі құралдар (суреттер, макеттер, ұлттық бұйымдар) пайдаланылады. Балалар салыстырады,

Уразимбетова Гулфара, Жылыой ауданы білім бөлімінің КМҚК “Еркем-ай” бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Атырау облысы, Жылыой ауданы

атайды, ой бөліседі, сөйлеу дағдылары дамиды. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарға деген құрмет, туған елге сүйіспеншілік сезімі қалыптасады.

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтар тақырыбындағы дидактикалық ойындар баланың танымын кеңейтіп қана қоймай, оның ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.





Жылыой ауданындағы КМҚК «Еркем-ай» бөбекжайы-бақшасынан Ясли-сад «Еркем-ай» Жылыойского района

«Ұлттық өнер – талғам мен дәстүр жалғастығы»



Облыстық семинар аясында ұйымдастырылған көрмеге Жылыой КМҚК «Еркем-ай» бөбекжай-бақшасы атынан қатысу мен үшін үлкен мәртебе болды. «Тігін өнері – талғам мен дәстүр» атты көрмеде балаларға арналған өз қолыммен жасалған ертегі кейіпкерлері, ойыншық әшекейлер, азайкалар, тоқыма және тігін мамандығына бағытталған дидактикалық ләп ойындар көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеде ұсынылған ұлттық нақыштағы киімдер мен қолөнер бұйымдары арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, еңбекке баулу және ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру көзделді. Қолөнер – тек өнер емес, ол ұрпаққа тәрбие беретін, дәстүр мен талғамды қалыптастыратын құндылық. Осындай шаралар арқылы ұлттық өнерді дәріптеп, болашақ ұрпаққа өнеге беру – басты мақсатымыз.



«Елімнің айбыны – менің мақтанышым!»



Мақсаты: Балалардың отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елін, рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының мерекелері туралы түсінік қалыптастыру.

Міндеттері:

Балалардың Отан, туған жер туралы білімдерін кеңейту; Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге үйрету; Музыкалық ырғақ пен тақпақтарды мәнерлеп айту дағдысын дамыту;

Ұлттық ойын арқылы қимыл белсенділігін арттыру.

Іс-әрекет барысы

Балалардың залға кіруі. (Музыка әуенімен балалар топпен залға кіреді. Тәрбиеші жылы жүзбен қарсы алады.)

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз ерекше мерекеге жиналып отырмыз. Бұл — Республика күні!

Бүгін біз өз Отанымыз — Қазақстан туралы әңгімелесеміз, ән айтамыз, тақпақтар оқимыз және ұлттық ойын ойнаймыз.

Гимн орындалады. (Балалар тік тұрып, Қазақстан Республикасының Гимнін орындайды.)

Тақырыпты түсіндіру.

Тәрбиеші: Балалар, біздің Отанымыз – кең байтақ Қазақстан.

Ол – тәуелсіз ел, өз Туы, Елтаңбасы мен Гимн бар. Біз осындай бейбіт елде өмір сүріп, білім алып жатқанымызға қуанамыз!

Балалардың тақпақ айтуы.

Ханшайым: *Қазақстан – Отаным,
Тәуелсіз ел – ұраным.*

Жубатырова Айдана, Жылыой ауданы білім бөлімінің КМҚК “Еркем-ай” бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Атырау облысы, Жылыой ауданы

*Туған жерім мекенім,
Бақытты өмір сүремін.*

Ералы: *Туған жерім – Қазақстан,
Мақтан етем үнемі.*

Аяла: *Отан сенің ата-анаң,
Отан сенің бауырың.*

Айбибі: *Елім менің-Қазақстан,
Көк байрағы жарқыраған.
Тәуелсіз ел-кең далам,
Бақытты өмір сыйлаған!*

5. Би: (Балалар топпен әсем әуенге би билейді.)

6. Ән: «Атаменен» – орындайтындар: Азиза

Ұлттық ойын: «Теңге алу»

(Балалар шеңбер бойымен атқа мінгендей қимыл жасап, жол бойындағы «теңгені» алып жарысады. Тәрбиеші ойын шартын түсіндіріп, балаларды мадақтайды.)

Қорытынды:

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз қандай мерекені атап өттік? – (Балалардың жауабы: Республика күнін!)
– Дұрыс айтасындар! Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Бейбіт өмірде өмір сүріп, елін сүйетін азамат болып өсіңдер!

Күтілетін нәтиже:

Балалар Республика күні туралы түсінік алады; Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді үйренеді; Ән айтып, тақпақ оқуға белсенді қатысады; Ұлттық ойын арқылы шапшаңдық пен ептілікті дамытады.



«Көліктердің пайдасы»



Казбаева Фариза, Жылыой ауданы білім бөлімінің
КМҚК “Еркем-ай” бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Атырау облысы, Жылыой ауданы

Мақсаты: Балалардың көліктер туралы түсініктерін кеңейту арқылы математикалық ұғымдарды меңгерту, логикалық ойлауын, салыстыру, санау және кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

Білімдік: 5 көлемінде тура және кері санай білуге үйрету; Сандарды ретімен атау, теңдік және теңсіздік ұғымдарын түсіндіру; Көліктерді пайдалана отырып, ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстыру; Геометриялық фигуралар мен денелерді (дөңгелек, шаршы, тік төртбұрыш, үшбұрыш, ромб) ажырату және атау;

Апта күндерінің атауларын (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) үйрету;

Тәулік бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) ажырату;

Кеңістіктегі бағыттарды (алдында, артында, оң жағында, сол жағында, үстінде, астында) анықтау.

Дамытушылық: Логикалық ойлауын, есте сақтауын, зейінін дамыту; Қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнату қабілетін жетілдіру; Сипап сезу, көру арқылы зерттеу дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа, бір-бірін тыңдай білуге тәрбиелеу; Қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу; Еңбекке, көлік жүргізуші мамандығына құрмет сезімін қалыптастыру.

Көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар:

Көліктердің ойыншықтары (жеңіл көлік, автобус, жүк көлігі, жедел жәрдем);

Геометриялық фигуралар;

Сан карточкалары (1–5);

«Апта күндері» суреттері;

«Тәулік бөліктері» суреттері;

Іс-әрекет бөлімдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

1-кезең: Мотивациялық-қозғаушы

Салеметсіздер ме!

-Здрастуйте!

-Hello!

Бүгін біз «Көліктердің пайдасы» ҮІӨ бастаймыз.

Күндегідей шеңберге тұрып, амандасып алайық.

Шаттық шеңбері

(Музыка ойнап тұрады, балалар шеңберге тұрады)

Біз ақылды баламыз,

Айтқан тілді аламыз.

Бізге келген қонаққа,

Амандасып аламыз.

Сәлем деймін Көк аспан!

Сәлем деймін Жарқын күн!

Сәлем деймін Жер ана!

Сәлем деймін апайға!

Сәлем барлық досарға!

Сәлем! Сәлем! Сәлем!

— Жарайсыңдар! Орнымызға отырайық.

Балалар тілек шеңберіне тұрып, кимылдар жасай отырып елең жолдарын айтады.

— Балалар, қараңдаршы, бүгін бізге қонаққа түрлі көліктер келіпті.

Айтыңдаршы, көліктер не үшін керек?

Біз оған мінеміз

(Балалардың жауаптары тыңдалады)

— Дұрыс айтасыңдар, көліктер адамдарды, жүктерді тасиды, ауырғанда көмектеседі.

Бүгін біз көліктердің пайдасын біле отырып, математика әлеміне саяхат жасаймыз.

2-кезең: Ұйымдастырушылық ізденіс

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс.

- Қыста неше ай бар?

- 3 ай

- Қалай аталады?

- Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

- Қазір қай ай?

- Қаңтар

- Біз қандай мемлекетте тұрамыз

- Қазақстан

- Қай облыста тұрамыз?

- Атырау

- Қай қалада тұрамыз?

- Құлсары

1. Санау.

- Тақтада тұрған сандарды санаймыз (тура санайды, кері санайды)

• Сандарды ретімен атайды;

• «Қайсысы көп? Қайсысы аз?» сұрақтары арқылы теңдік, теңсіздік ұғымдары бекітіледі.

Санның астында тұрған стакандарға, санына қарай қарындашты саламыз.

Балалар орындайды.

- Жарайсыңдар!

2. Салыстыру. «Қай көлік қандай?»

• Екі көлікті салыстыру:

о ұзындығы (ұзын–қысқа),

о биіктігі (биік–аласа)

Балалар айтады.

3. Геометриялық зерттеу. «Көліктің пішіні»

- Мына машинаға қарайықшы, одан қандай пішіндерді көреміз?

Балалар тәрбиешімен бірге айтады.

Дөңгелегі – дөңгелек,

Кузовы (корпусы) – тік төртбұрыш,

Қорабы – текше.

Балалар фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді.

5. «Бағытты тап»

Шарты: Тәрбиеші көлікті орналастырады, балалар бағытты айтады:

— Алдында, артында, оң жағында, сол жағында, үстінде, астында.

Сергіту сәті:



(Видео роликпен жаттығу) және қимылды жаттығу.

*Оң қолыда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Қосып едім екеуін,
Болады екен он саусақ.
Оң аяқта бес бақай,
Сол аяқта бес бақай.
Қосып едім екеуін,
Болады екен он бақай.*

– Балалар, Математика әлемінде жасырын көлік бар екен. Ол көліктің кузовында қызықты тапсырмалар жасырылған. Біз ол көлікке текше жолдармен өтіп барып, тапсырмаларды тауып орындауымыз керек.

Балалар қимыл арқылы жасайды.

– Көліктің сыртында не жазылғанын көріп тұрсындар ма?

– Бұл қандай күндер?

Балалар қызыға орындайды.

– Апта күндерін ретімен атап көрейік.

- Апта күндері

- Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі

– Ал мына суреттер нені көрсетеді?

– Бұл тәуліктің қай уақыттары?

- таңертең, күндіз, кеш, түн

- Мына заттарға қарандаршы.

– Бұл заттар қай пішінге ұқсайды?

- дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш, сопақ, шаршы, ромб.

- Жарайсындар! Барлық тапсырманы орындадық, енді көліктің кузовын ашайық!

Көлікте жасырынған тапсырмалар:

1-тапсырма: «Пойыз» (үстел үсті ойыны)

Пойыздың әр вагонында сандар берілген. Балалар сол санға сәйкес жануарлар мүсіндерін санап, вагонның үстіне қояды.

Балалар қызыға орындайды.

(Пойыздың ауыр жүк таситыны туралы айтылады.)

Балалар қызыға орындайды.

2-тапсырма: «Кім жылдам?»

Екі бала жарысады. Үстел үстінде 1–5 сандары жазылған парақтар жатады, ортада текшелер болады. Балалар көрсетілген санға сәйкес текшелерді жинайды. Кім тез орындаса — сол жеңімпаз.

Балалар қызыға орындайды.

3-тапсырма: «Пішінін тап»

Үстелге геометриялық пішіндер және сол пішінге сәйкес заттар мен тағамдардың суреті бар карточкалар қойылады. Балалар суреттерді тауып, сәйкес пішіннің үстіне орналастырады.

Балалар қызыға орындайды.

4-тапсырма: «Сана да орналастыр»

(үстел үсті ойыны)

А4 қағазда 1–5 сандары және олардың астында сәйкес пішіндер бейнеленген. Ортада фетрден жасалған пішіндер бар. Балалар санға қарай пішіндерді қағаз бетіне қояды.

Балалар қызыға орындайды.

5-тапсырма: Қимылды ойын: «Автобустан орын тап»

Екі қатарға бес-бестен орындық қойылады. Орындық арқаларында сандар бар. Тәрбиеші бір сан көрсетеді, балалар сол сан жазылған орындыққа тез отырып үлгеруі керек. Бірінші отырған бала жеңеді.

Балалар үстелге отырып, топпен тапсырмалар орындайды. Балалар 3 топқа бөлінеді.

1-топ: «Жапсыру» (апликация)

Балалар дайын бөлшектерден машина құрастырып, жапсырады.

Балалар қызыға орындайды.

2-топ: «Құрастыру»

Бөлінген суреттер беріледі. Әр бөлікте 1–5 сандары жазылған. Балалар сандарды ретімен орналастырып, құрастырғанда машина және велосипедтің суреті шығады.

3-топ: «Дәптермен жұмыс»

Парақта 1–5 сандарының ішінен бір сан (мысалы, 1) берілген. Бала сол санды қарындашпен бастырып, парақ бұрышында жазылған 1–5 сандарының ішінен өз санын тауып, қоршайды.

Қорытынды бөлім

— Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетінде біз не туралы білдік?

— Көліктер, сандар, пішіндер және кеңістікті бағдарлау туралы.

— Көліктер не үшін керек?

— Адамдардың бір жерден екінші жерге жылдам жетуі үшін,

— Жүк тасу үшін,

— Көмек көрсету үшін.

— Біз қандай сандарды санадық?

— 1-ден 5-ке дейін санадық.

— Қандай пішіндермен таныстық?

— Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш, шаршы, ромб.

— Жарайсындар, балалар! Бүгінгі сабақта өте белсенді болдыңдар. Барлық тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.

Балаларды мадақтау, қорытындылау.

Күтілетін нәтиже

Балалар: көліктердің пайдасын біледі және атайды;

1–5 дейінгі сандарды тура және кері санайды;

заттарды салыстырады (ұзын–қысқа, биік–аласа);

негізгі геометриялық пішіндерді (шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш, шаршы, ромб) ажыратады;

кеңістікте бағдарлай алады (алдында, артында, оң жақта, сол жақта);

топпен және жеке тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды.





«Елімнің ертеңі» – ұлттық ойындар эстафетасы



Отарбаева Асия, Жылыой ауданы білім бөлімінің
КМҚК “Еркем-ай” бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Атырау облысы, Жылыой ауданы

Мақсаты:

- Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу
- Балалардың ептілік, жылдамдық, бірлік, ұйымшылдық қасиеттерін дамыту.

– Ойын арқылы салт-дәстүрге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Безендіру: Қазақы нақыштағы бұрыш, ту, домбыра, қоржын, асық, шеңбер, музыка: күйлер, ұлттық әуендер.

Жүргізуші кіріспе сөзі: Сәлеметсіздер ме, балалар мен қонақтар!

Бүгін біз қазақтың салт-дәстүрін насихаттайтын «Елімнің ертеңі» ұлттық ойындар эстафетасына қатысамыз.

Біздің халқымыз ойын арқылы баланы ептілікке, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулыған.

Олай болса ойынымызды бастамас бұрын әділқазы алқаларымен таныс болайық. «Еркем-ай» бөбекжай бақшасының

Менгерушісі: Дәрібаева Айгүл Жұмабайқызы

Әдіскеріміз: Абылхайырова Эльмира Исемғалиқызы

Мектеп алды топтар

1-кезең: «Асық ату»

Шарты:

- Белгіленген сызықтан асық ату
- Кім көп асықты дәл түсірсе – сол топ жеңеді.



2-кезең: «Бәйтерек және звездочка тобы» «Ақ сүйек» (топпен)

Шарты: 2-топқа бөлініп, әуен жіберіледі, балалар олар үстінде секіріп жүреді. Әр оюдың астында жұлдыз немесе сүйек суреті тұрады. Жұлдыз суреті сұраққа жауап береді, сүйек шықса бала келесі кезеңге өтеді, сұраққа дұрыс жауап берген бала келесі кезеңге өтеді, жауап бере алмаса ойыннан шығады.



3-кезең: «Қыз қуу»

Шарты: Ойын барысы: Бір қыз, бір ұл жарысқа шығады. Қыз алда, ұл артта тұрады. Белгі берілгенде қыз жүгіріп кетеді, 2–3 секундтан соң ұл қуа бастайды.

Мақсат: Ұл қызды қуып жетсе — «жеңді» деп есептеледі. **Жетпесе** — қыз жеңеді

Ережелер:

- Қауіпсіздік сақталады
- Бір-бірін итеруге, жұлқуға болмайды
- Ойын көңілді, әзілмен өтеді-



Ересек топтар

1-кезең: - «Ханталапай»

Шарты: Асықты шашу барлық асықтарды бір ыдысқа немесе алақанға салып, ортаға «Ханталапай» деп шашады
-Кім көп асық жинаса-сол жеңімпаз атанады.



2-кезең: «Күш сынасу»

«Отырған күйде күш сынасу»

- Екі бала аяқтарын тірестіріп, таяқ не қол ұстасып, бірін-бірі отырғызуға тырысады
- Кім бірінші қарсыласын орнынан қозғалтады — жеңімпаз.





Жылыой ауданындағы КМҚК «Еркем-ай» бөбекжайы-бақшасынан Ясли-сад «Еркем-ай» Жылыойского района

3- кезең: «Ұтқан асық»

– Түсіру сәтті болса – сол асық ойыншыда қалады.

– Кім көп асық ұтса – сол жеңімпаз.

Ережелері: Сызықты басып атуға болмайды, Өзгелердің кезегін бұзуға болмайды, сақаны әділ қолдану керек, кезекпен жүгіріп барып, себеттен түйме теріп әкелу, жылдамдық пен ептілік қажет



3-кезең: «Иық тіресу»

Ойын шарты: Балалар жұп-жұп болып тұрады (иықтарын тигізіп). Қол ұстамайды, тек иықтарымен тіреледі.

Иық ажыраса — қайтадан бастайды

Кім бірінші дұрыс орындаса — сол жеңеді

Ортаңғы топ

1-кезең: «Арқан тартыс»

Шарты: Берілген арқанды екі топтың балдары қызыл белгіден арқанды қарама- қарсы тартып, белгіленген шеңберден шығып кетсе сол жеңіледі де, келесі топпен шығады.

Асық атып жарысам,

Орамалды қарысам.

Арқан тартып күлеміз,

Ұлт ойынын сүйеміз!



Қорытынды:

– Барлық балалар мадақтама, сыйлық алады.
– Әділқазылар ұпай санын айтып, жеңімпазды марапаттайды.

Жүргізуші:

– Ұлттық ойын – тек ойын емес, ол – тәрбие мектебі.
– Сендер бүгін тапқырлықтарың мен ептіліктеріңді көрсеттіңдер. Жарайсыңдар!

2-кезең: «Көз байлау – дорба тап»

Шарты: Ойыншының көзі орамалмен байланады. Ортаға немесе белгілі бір жерге дорба (қапшық) қойылады. Көзі байланған ойыншы айналып, дорбаны қолымен сипап жүріп табуы керек. Қалған балалар бағыт беріп немесе шатастырып ойынды қызықты етеді.





«Пішіндер әлемі»



Уразалиева Рыскул, Жылыой ауданы білім бөлімінің
КМҚК “Еркем-ай” бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Атырау облысы, Жылыой ауданы

Оқыту мақсаттары: Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды таба білуге, пішіндерден бейне құрастыра білуге, түстерін айта білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы ойлау қабілетін дамыту, зейіндерін, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұйымшылдыққа, тапқырлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны: Балалардың ойлау және логикалық дағдыларын қалыптастыру. Танымдық дағдыларын арттырып, алған білімдерін бекіту.

Ұйымдастырылған іс –әрекеттерінің мақсаттары: Балаларға дидактикалық тапсырмаларды орындату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, зейіндерін, белсенділіктерін арттыру.

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Жарқын, жарқын үніміз,

Болашақтың күніміз.

Балабақша үйінің,

Жайнап тұрған гүліміз.

Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Қош келдіңіз бәріңіз!

Күз мезгілі туралы айту.

Ғажайып сәт: Балалар бүгін біз "Пішіндер әлеміне" саяхат жасаймыз.

Шаттық шеңберіне тұрады.

Қимылмен көрсетеді.

Ұйымдастырушы іздену

Тәрбиеші: Балалар, "Пішіндер әлеміне" барғыларың келе ме?

Ия

-Ал, қандай көліктермен барғыларың келеді?

Поезд

-Жарайды. Ендеше, поездбен барайық. Ал кеттік.

Қимылды ойын: «Поезд».

Тәрбиешімен қайталайды.

Тіл ұстарту жаттығу.

Пыш-пыш, пыш-пыш біз кеттік,

Жүрісті үдеттік. Гу-гу, гу-гу гүілде,

Қалып қойма біріңде.

Қане, балалар, тоқтайық. Пыш-ш-ш.

Балалар, біз міне «Пішіндер әлеміне» де келдік.

Оған кіру үшін кедергіден өтуміз керек. Ол үшін балалар қалаған бір пішінді алады үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек. Алған пішінмен жерде жатқан үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек пішіндерден өтеді. Балалар үш топқа бөлініп отырады. Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш столға

Ханшайым: Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын сендер оны шешіңдер.

Жұмбақтарды шешеді.

Жұмбақтар:

Ханшайым:

1. Допка өзі ұқсайтын,

Ерекше бір пішін бар

Балалар ол қандай пішін?

-Дөңгелек

Тәрбиеші: Дөңгелектің бұрышы бар ма?

-Жоқ.

-Пішіннің түсі қандай?

-Сары.

-Ауада жасап қарайықшы?

-Ауада жасайды

Ханшайым:

2. Төрт бұрышы да тең түскен,

Төрт қабырғасы бар

Бұл қай пішін?

-Төртбұрыш

-Дұрыс, төртбұрыш.

Тәрбиеші: Неге төртбұрыш дейді екенбіз?

Қанекей төртбұрыштың қабырғаларын, бұрышын санайық.

Төрт бұрышы бар

Төртбұрыштың түсі қандай?

-Көк

Ауада жасап қарайықшы?

-Ауада жасайды.

3. Үш бұрышы бар, үш қабырғасы бар, ұзындықтары әртүрлі болуы мүмкін.

-Ол қандай пішін?

Тәрбиеші: Ия, ол үшбұрыш. Қанекей үшбұрыштың қабырғалары мен бұрышын санайық.

-Бұрыштарын санайды

-Үшбұрыш

Үшбұрыштың түсі қандай?

-Қызыл

Ауада жасап қарайықшы?

-Ауада жасайды.

Жарайсындар, жұмбақтың шешімін жақсы таптыңдар.

Дидактикалық ойын: «Айналадағы заттардың пішіні»

Шарты: Заттардың қандай пішіндерге ұқсайтынын тауып айту.

Сергіту сәтін орындайды.

Сергіту сәті:

Бойды сергек тік ұста,

Емін еркін тыныста.

Оң қолыңды соз алға

Қол ұшына қарада

Үшбұрыш сыз ауада

Сол қол босқа тұрмасын

Шеңбер жасап тынбасын.

Жұмыстарын аяқтады.

Үстел үсті жұмысы.

1-топ: Дөңгелек. (Сары түс)

«Қағазға түсірілген пішіндерді, губкамен бояу».

Түсіндіріп көрсету.

Губкамен қыйылған пішіндерді ақ қағаз бетіне түсірілген пішіндерді дәлме-дәл бояумен түсіру.



2-топ: Төртбұрыш. (Көк түс).

«Пішіндерден машина, үй құрастыру».

Түсіндіріп көрсету.

Берілген қағаздың бетінде, қара сызықпен сызылған бейнені пішіндермен құрастыру.

3-топ: Үшбұрыш. (Қызыл түс).

«Жасырылған пішіндерді тауып, атын, түсін атау».

Түсіндіріп көрсету.

Тарыда жасырынған пішіндерді тауып пішінін атау және түсін ажыратып айту.

Барлық топ: «Құм терапиясы».

Барлық балалар төселген құмға өздерінің ұнатқан пішіндерін саусақ ұшымен салу.

Тәрбиеші: Ханшайым саған біздің балалардың пішіндермен жасаған жұмыстары ұнады ма?

Ханшайым: Балалар мен қандай қуанып қалдым. Рахмет сендерге.

Тәрбиеші: Жарайды, балалар, Ханшайыммен қоштасып поездға отырып тобымызға барайық.

Ханшайыммен қоштасады

Рефлексивті түзетушілік

Қорытындылау:

-Балалар біз қайда бардық?

«Пішіндер әлеміне»

-Қандай пішіндермен таныстық?

Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш.

-Дөңгелек неге ұқсайды?

Доп, алма, күнге.

-Біз не құрастырдық?

Үй, машина.

-Төртбұрыш неге ұқсайды?

Сағат, жастық. Көк.

-Төртбұрыштың түсі қандай?

Үй шатырына.

-Үшбұрыш неге ұқсайды?

-Түсі қандай?

Қызыл.

Жарайсындар балалар осымен «Пішіндер әлемі» атты оқу қызметіміз аяқталды.

Балалар мадақталады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Геометриялық пішіндерді ажырата біледі.

Нені игереді: Заттардың қандай пішіннен құралатынын.

Нені біледі: Тапсырманы дұрыс түсініп орындауды.



Әке – асқар тау



Мақсаты: Әкелердің отбасындағы рөлін нығайту; Бала тәрбиесіндегі әкенің маңызын түсіндіру; Әкелер арасындағы тәжірибе алмасу; Жауапкершілік, махаббат және тәрбие мәселелерін талқылау.

Қатысушылар: Әкелер.

Тренинг шарты: тренингтің қызықты, түсінікті болуына, бір сәт демалуға өзімізге жағдай жасау.

Тренинг барысы:

Әкелермен танысу

«Әке» тақырыбында бейнеролик

«Балаңыз туралы не білесіз?» ойын

«Әке» тақырыбында мақал-мәтелдер

«Құбыр» ойын жаттығу

Сұрақ жауап ойыны

«Әкелерге өсиет» жадынамасы

Қорытындылау

- Сәлеметсіздерме әкелер! Сіздерді біздің балабақшамызда көргенімізге өте қуаныштымыз! Құрметті әкелер «Әке – асқар тау» тренингімізге қош келдіңіздер!

Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке-отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын

Дүбірова Шаһризада, Жылыой ауданы білім бөлімінің
КМҚК “Еркем-ай” бөбекжайы-бақшасының тәрбиешісі
Атырау облысы, Жылыой ауданы

оған қарап өсетін нысанасы. «Әке-асқар тау, ана-қайнар бұлақ, бала-жағасындағы құрақ» дегендей «Әке» деген сөз қандай жақын, қандай ыстық десеңші! Өмірде әкесін жақсы көрмейтін бала жоқ шығар, өйткені бала үшін әкенің орны бөлек. «Әке-бәйтерек» дейміз.

1.Таныстыру: Әр қатысушы өзін таныстырады: аты-жөні, қанша баласы бар, бос уақытын баласымен қалай өткізеді

2.«Әке» тақырыбында бейнеролик тамашалаңыздар!
(Видео бойынша талдау, қорытындылау)

3. «Балаңыз туралы не білесіз?» ойын

Әкелер шеңбер құрып тұрады. Доп беру арқылы әкелер қойылған сұрақтарға ойланбастан жауап береді.

1. Балаңыздың ең жақын адамы кім?

2. Балаңыздың сүйікті асы қандай?

3. Балаңыздың аяқ киім өлшемі қанша?

4. Балаңыздың тәрбиешісі кім?

5. Балаңыз қай топқа барады?

6. Балаңызға бір күнде қанша уақыт бөлесіз?

4.Әке туралы мақал-мәтелді жалғастыр:

1. Әке – асқар тау, шеше – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ.

2. Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер.

3. Әке – балаға сыншы.

4. Әкенің қадірін балалы болғанда білерсің.



5. Әке – тіршіліктің тірегі, отбасының жүрегі.
6. Бала – әкеден, ақыл – кітаптан.
7. Жақсы әке – жаман балаға қырық жыл азық.
8. Әке аты – ардақты, ана аты – қымбатты.
9. Әке – оттың басы, ошақтың қасы.
10. Бала – әкенің айнасы.

5.« Құбыр» ойыны

Қажетті құралдар: А4 қағазды(қатысушылар санына орай)

Ережесі: Қатысушыларға бір А 4 қағазы беріледі. Қағазды екі бүктеп қолдарымен астау кейпіне енгізеді. Барлық қатысушылар қолдарындағы астауша тәріздер иілген қағазды бір-біріне қосып беті ашық құбыр жасайды.Дайын болған кезде нұсқаушы кішкентай допты жібереді.Қағазды үзіп алмай допты өткізіп шығулары керек.Доп түсіп кеткен жағдайда ойын қайта басталады.

Қорытынды: қиын жағдайда адамдардың ситуациядан шешім тауып шығуын,жағымды эмоционалды қарым-қатынас құруды, адамдардың ақыл-ойының шығармашылық ұшқырлығын көруге, көңіл-күйді көтеруге мүмкіндік береді.

Талдау: Еркін пікір, алған әсерлермен бөлісіп, өз ойларын ортаға салады.

6.Сұрақ жауап ойыны:\иә\жоқ\білмеймін\

- Балаңыздың тәрбиешісін танысызба?(ия)толық аты-жөні
 - Балаңызға көп ақша бересіз бе?\жоқ\-неліктен?
 - Баланы еркелеткен дұрыс па?\білмеймін\
 - Сіз балаңызға тек әке емес дос бола аласызба?ия
 - Баланы көпшіліктің алдында ұрысқан дұрыспа?жоқ
 - Өзіңізді үлгілі әкемін деп есептейсізбе?білмеймін
 - Балабақшаға,тәрбиешілерге көңіліңіз толама? ия
 - Сіздің балаңыздың тәрбиешісінің аты Ляззатпа? жоқ
 - Балаңыздың бой салмағын білесізбе? білмеймін
- « Әкелерге өсиет» жадынымасы.

- 1.Баланы кемсітпеңіз.
- 2.Әдепке үйрете аласыз ба?
- 3.Барлық жағынан оған беделді болыңыз.
- 4.Баланы әрқашан мұқият тыңдаңыз.
- 5.Онымен араласуда оның бойында

жағымсыздық пен жек көрушілікті тудыратын сөздерден аулақ болыңыз.6.Уәделерді қорқытумен алмаңыз.7.Бетінен қақпаңыз.8.Балаға тұлға ретінде қараңыз.9.Қатал және мейірімді бола біліңіз,себебі, «Әкенің қаталдығы-тамаша дәрі: онда ащыдан гөрі тәттісі көбірек».



Рефлексия: Бүгінгі тренингті қорыта келе,тренингтен алған әсеріңізбен бөлісуге шақырамын.

1. «Әке болу – батырлық емес, жауапкершілік. Бірақ бұл жауапкершілік нағыз батырдан талап етіледі.»
2. «Нағыз әке – баласының көлеңкесі емес, жарығы болуы керек.»
3. «Балаға айқай емес, айқын бағыт керек. Әке – сол бағыт.»
4. «Әкең – тірі кезінде қадірін біл. Ол кеткенде кең дүниең тар болады.»
5. «Әкенің бір жылы сөзі – баланың өмір бойғы қорғаны.»
6. «Ұлдың ұстазы – әке, қыздың тірегі – әке.»
7. «Сен қандай әкесің – балаң сондай азамат болады.»
8. «Бала – сенің көшірмең емес, сенің жалғасың.»

Қорытындылау: «Әке-асқар тау» демекші ,өз отбасыңыздың асқар тауы болып отбасыңызға, балаларыңызға, бауырларыңызға үнемі көңіл бөліп, мейірімділігіңіз бен қайырымдылығыңызды аямаңыз.

«Бүгін біз тек тренингке жиналған жоқпыз. Біз – болашақ ұрпаққа жауапты жандармыз. Сіздің әр қадамыңыз, әр сөзіңіз – балаңыздың тағдырына әсер етеді. Әке болу – мәртебе ғана емес, миссия!»



«Ғарыш әлемі»



Мақсаты: Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелеу, түсіндіру, ой қозғау, көңіл-күйді көтеру, сурет бойынша әңгіме, ойын, сұрақ-жауап, қорытынды.

Хусаинова Майра, Жылыой ауданы білім бөлімінің КМҚК “Еркем-ай” бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Атырау облысы, Жылыой ауданы

Көрнекілігі: Тақырыпқа байланысты суреттер, ғарышкерлер суреттері.

Сөзік қоры: ғарыш, ғарышкер, ғалам.

Мотивациялық қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі (3-5 минут)

Алдын-ала жүргізілген жұмыс: Сәлеметсіздер ме балалар, қонақтар. Бүгінгі біздің «Ғарыш әлемі» атты ұйымдастырылған іс - әрекетімізге қош келдіңіздер! Балалар алдымен амандасу рәсімін жасап алайық.

Барысы:

Шаттық шеңбері.

Армысың асыл күн!

Армысың асыл жер!



Жылыой ауданындағы КМҚК «Еркем-ай» бөбекжайы-бақшасынан Ясли-сад «Еркем-ай» Жылыойского района

*Армысың көк аспан!
Армысың достарым!
Жылуыңа жылу қос,
Міне менің қолым!*

Балалар шеңберге жиналып, қызығушылықпен айтады.

Ұйымдастырушылық ізденістік Таныстыру кезеңі (5-7 минут)

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Көктем мезгілі

- Көктемде табиғат қандай құбылыстарға өзгереді?

Қар ериді, күн жылынады, жаңбыр жауады, құстар оралады, ағаштарда бүршік жарады, шөптер, гүлдер шыға бастайды, табиғат жаңарады.

- Көктемнің неше айы бар? Айларын атаңдар.

Үш ай бар. Наурыз, сәуір, мамыр.

12-сәуір ғарышкерлер күні.

- Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?

- Ия, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.

- Балалар аспаннан нелерді көруге болады?

Жұлдыздар, ай.

Әңгілемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер?

Мұғалім, дәрігер, дүкенші.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Өрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен.

Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім – балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді.

Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер.

- Ғарышкерлер дегеніміз кімдер?

- Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар.

Балаларға ғарыш туралы түсінік беру.

- Мынау аспан әлемі. Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар, шоқ жұлдыздар бар.

- Мына жұлдыз — Жетіқарақшы деп аталады. Ал мына жұлдыз –Темірқазық. Ал ең үлкен жұлдыз – Күн. Күн – ғарыштың жүрегі, біздің ғаламшарларымыздың жылу көзі. (суретті көрсетіледі)

Жерді қоршаған бүкіл дүние – Ғарыш деп аталады екен, Ғарыш әлемі кең байтақ! Оны адамзат әлі толығымен зерттеп болған жоқ. Ғарыш әлемінде 9 ғаламшар бар. Меркурий, Венера, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон. (суреттері көрсетіледі)

Сол ғаламшардың үшіншісі Жер деп аталады. Ал біздер сол Жер ғаламшарда өмір сүреміз.

- Балалар сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер?

- Ия, ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз. (зымыран суреті мен макетін көрсету). Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз.

Сурет арқылы әңгімелеу. Ең бірінші адамдар айға ұшпас бұрын тірі дененің баруы үшін Лайка деген итті ғарышқа ұшырған екен. Жерге қонғаннан кейін оның денесіне, қанына тексеру жүргізіп, ғарышқа адамның да баруға болатынын

білген.

Ұшақ, тікұшақ, зымыран.

Ең алғаш ғарышқа ұшқан Ресей азаматы ол – Юрий Гагарин. Ол 1961 жылы 12-сәуірде тарихта тұңғыш рет «Восток» ғарыш кемесімен Байқоңыр ғарыш алаңынан ғарышқа ұшты.

1991 жылы ғарышқа Қазақстаннан алғаш рет қазақ ғарышкері ғарышкері Токтар Әубәкіров ұшты. Екінші болып Талғат Мұсабаев ұшты. Олар ержүрек, батыр, халық қаһармандары, еліміздің мақтанышы. Ал 2015 жылы 12-і қыркүйекте Айдын Айымбетов ағаларың аспан әлеміне жол тартты. Яғни ғарышқа ұшқан үшінші қазақ азаматы.

Мынау Байқоңыр ғарыш айлағы. Ол Қазақстанның Қызылорда облысында, Қармақшы ауданы деген жерде орналасқан. Ғарышқа ұшар алдында олар осы жерде әртүрлі дайындықтан өтіп, арнайы білім алады.

